

12007
2169к



Тілеуғазы
Бейсембеков

ЕВТЕРПАНЫҢ
ҚҰПИЯСЫ

Тілеуғазы
Бейсембеков

ЕВТЕРПАНЫҢ
ҚҰПИЯСЫ

Балладалар
Дастандар



АЛМАТЫ
«БАЛАУСА»
1998


Өнердің жеті тәнірі

Ежелгі Эллада бабамыз Әбунасыр әл-Фараби ұстаз тұтқан Аристотельдің, данышпан философтар Со-крат пен Платонның, емшилердің атасы Гиппо-краттың, әйгілі жырышы Гомердің отаны гана емес, ол — гажайып аңыздар елі болған.

Мифтік аңызга құлақ салсақ, құдаилардың құ-діреттісі Зевс еken. Сол Зевс пен әйел құдай Мнен-мозинаның гажайып сұлу жеті қызы болыпты. Асқан дарынды жеті қызы — өнердің жеті тәнірі атаныпты. Яғни:

Клио — тарихтың,
Евтерпа — поэзия мен музыканың,
Талия — комедияның,
Мельпомена — трагедияның,
Терпсихора — бидің,
Каллиопа — эпостың,
Полигимния — гимннің тәнірі болған еken...

Мақсатыңыз Евтерпаның — поэзия мен музыка-ның — сырын білу ме? Ендеше, құпия кілті қолыңызда. Тылсым есіктің сиқырлы құлышына салып, бұрап көріңіз... Сонда... әсем сазды әуенге толы жан сарайына енесіз...



Күй туралы аңыз

Сауаты жоқ «санасыз»
Сыбағасы жалшылық,
Жетім ұлды панасыз
Бай алышты малшы ғып.

Төбесінен күн өтіп,
Табанына тас батып,
Жүріпті тек күнелтіп,
Жарымапты асқа түк.

Қозы бағып күн көрмек,
Кетеді екен қырды асып.
Ақ күшікті күнде ермек
Етеді екен, сырласып.

Қызыл гүлдер солмапты,
Өңірінде даланың.
Ол да медеу болмапты,
Көңіліне баланың.

Шырылдаған бозторғай
Мұң шаққанда өзіне,
Бала көңілін мұң торлай,
Жас алады көзіне.

Сыр шерткісі келеді,
Қапаланып, тарыға.
Тек сырласы жел еді,
Қосылатын зарына.

Ән білсе ғой,
айтатын
Майда желдей есілтіп.
Күй білсе ғой,
тартатын
Шапқан аттай кесілтіп.

Бірақ соның бірін де
Білмепті ел де, бала да.
Аспанда Ай, Күнің де,
Құба бел де, дала да.

Әнші құстар болды ма —
Қағып қалып қанатын.
Ән салудың орнына
Самғап-самғап алатын.

Таудан тасқын бұлақтар
Сыңғырламай ағатын.
Жапырағын құрақтар
Сыбдырламай қағатын.

Естілмейтін сан құстың
Қанатының суылы.
Тек көлдегі қамыстың
Келетүғын шуылы...

* * *

Қозыларын бір күні
Көлге қарай айдалты.
Әлдененің мұнды үні
Күнірентеді аймақты.

Көл де ерекше тулапты,
Өзгеріпті таныс жар.
Жас баладай жылапты
Жағадағы қамыстар.

Толқындар ма, ақырған
Әлде айбатты арыстан?
Сұлу қыз боп шақырған
Үн келеді қамыстан.

Үрейленген баланы
Еліктіріп ғажап үн.
Жанын баурап алады,
Ұмыттырып азабын.

Бала-дағы өр еді.
«Жібермен,— деп,— намысты».
Жақын барса, көреді
Бір ғажайып қамысты.

Сиқырлы екен ғажайып,
Үн шыққаны сол екен.
Тұнерген бұлт азайып,
Күн шыққаны сол екен.

Тұнып жатқан көлдің де
Тулағаны сол екен.
Қалың қамыс, желдің де
Шулағаны сол екен.

Әуен жағып жанына,
Бала қатты ойланып.
Ұмыт бопты, жайына
Қозылар мен қой қалып.

Сене алмай көзіне,
Қамысты үзіп алыпты.
Өкініпті өзі де,
Ән де үзіліп қалыпты.

Үн шықпасын байқаған
Бала аң-таң,
 қызығып
Үрлеп көрсе,
 қайтадан
Ән кетеді сызылып.

Өүен шарлап, тынбайды,
Құлазыған даланы.
Естімеген мұндайды
Халық қайран қалады.

Көл тербеліп көлкілдеп,
Сыңғырлайды тасбұлақ.
Жағасында желкілдеп,
Сыбырлайды жас құрақ.

Құстар сайрап әндettі,
Көк өзендер тасқындал.
Көкті кернеп ән кетті,
Мұлгіді тау, тас тындал.

«Сыбызғының үні ғой,
Бізге осы,— деп,— керегі».
Халық жасап ұлы той,
Әнді шырқай береді.

Өмірде бір халықтың
Куанғаны осы еді.
Көңілдегі қалып мұн,
Жұбанғаны осы еді.

Бірақ осы той-думан
Созылмады ұзакқа.
Сорлы жетім бай құрган
Түсіп қалды «тұзаққа».

Отыр еді оңаша,
Сыбызғымен сырласып,
Көкірегін тамаша
Сезім шерткен сырға ашып.

«Қозы қайда?
Ант ұрып,
Қара мұның әншілін!»—
Деп, бай ұлы ақырып,
Алды астына қамшының.

Жауыз еді, елді де
Шошындырган ниетімен.
От жіберді, келді де
Қалың қамыс шетінен.

Қарамады артына,
Жаман іске бастады.
Сыбызғыны тартып ап,
От ішіне тастады.

Бірде жалын лаулады,
Бірде түтін будақтап.
Көл шымырлап қайнады,
Асау толқын тулап қап.

Сөндіруге жиналған
Жұрт түтінге тұншықты.
От ішінен қиналған
Қайғылы бір үн шықты.

«Көрмейік — деп,— қайғыны»,
Ел тұрғанда кеткелі,
Міне, қызық... бай ұлы
Қалың өртке бетtedі.

Сиқырлы үн жетектеп,
Бара жатты шайқалып.
«Балам жанып кетед»,— деп,
Жығылды аттан бай талып.

Жазасы сай ісіне,
Бай баласы болды мерт.
Көнбекен жұрт күшіне,
Өздігінен сөнді өрт.

* * *

Таң келеді арайлап,
Аспан нұрға боялып.
Ұйқысынан бар аймақ
Жатыр енді оянып.

Қыр оянды үйқыдан,
Құшағына жырды алыш.
Гүл оянды үйқыдан
Самалменен ырғалыш.

Көл оянды үйқыдан,
Қаңқылдаған қазымен.
Ел оянды үйқыдан,
Әсем күйдің сазымен.

Әлдекайдан естіліп,
Күй тербелді далада.
Тәй-тәй басқан ес біліп,
Тыңдай қалды бала да.

Тасқын судай құлаған,
Күй толқыды әр үйде.
Бесігінде жылаған
Қоя қойды сәби де.

Сусап жүрген жандарға
Төккесін күй бұлағын,
Кемпірлер мен шалдар да
Тосты кәрі құлағын.

Елдегі жас-кәрі де
Көнілденіп, шаттаныш,
Күйді іздел, бәрі де
Кеткен екен аттаныш.

Сарынымен із кесіп,
Кезіп жүріп даламен,
Қалады жұрт жұздесіп
Сол баяғы баламен.

Қолында әсем домбыра,
Отыр күйді шалқытыш.
Көңілге мұң толтыра,
Тыңдаушысын балқытыш.

Кейбіреулер, сөкпеңіз,
Жылап тұрып тындаңты.
Тебіреніп кек теңіз,
Құлақ түріп шың қапты.

Кейбіреулер жігерін
Қайрап алып тәтті үнмен.
Үзбепті бір құдерін
Жақсы күннен, шат күннен.

Бір кездерде күй бітіп,
Қыр дүбірлеп кетеді.
Ақбоз атпен құйғытып,
Бай да келіп жетеді.

Кегі сыймай алқымға,
Жарылуға шақ тұрып,
Домбыраны толқынға
Жібереді лақтырып.

Сонда теңіз тулапты,
Ақ көбігін көкке атып.
Жағада ел шулапты,
Көкіректе кек қатып.

Өр толқындар ақырып,
Басын соғып жағаға,
Бір дауылды шақырып,
Шарқ ұрады шағала.

Жарқылдапты нажағай,
Бұлт астына бұғып құн.
Байға тартқан жазадай
Толқындардан шығыпты үн.

Осы бір үн жетектеп,
Бай тереңге беттеді.
Ешкім суға ол «кетед» деп,
Аяушылық етпеді.

Бүркеп теңіз айдынын,
Бір қара бұлт төніпті.
Шығармaston бай үнін
Толқындарға көміпті.

Сейілгенде мол тұман,
Төгіп сапты күн нұрын.
Ел естіпті толқыннан
Домбыраның күмбірін.

* * *

Содан бері жатады
Теңіздерден күй тасып.
Толқын болып атады
Ән мен өлең үйқасып.

Содан былай әуелі
Күйшілері халықтың
Тасқындаған әуенди
Толқындардан алышты.

Әрбір күйі — жыр-дастан,
Қыр маңғазы атанған,
Күй шертуде кім асқан
Құрманғазы атамнан?!

Шенеп төре, билерін,
Ел атама бас иген.
Көбік шашқан күйлерін
Алышты ол Каспийден.

Құдіретін танытып,
Тұған шақта алғашқы ән,
Мұқан аға* шабытын
Алған екен Балқаштан.

Ескі күйдің сазымен
Осы аңызды — сол күнді
Тебірене жаздым мен,
Тыңдал жатып толқынды.

* Мұқан аға — композитор Мұқан Төлебаев.

Алғашқы бұрау: ән аңыз

Миғтік аңыз айтады: ән мен жырдың, музыканың атасы фракийлық әнші Орфей дейді. Оның сиқырлы музыкасының қуатты күші бар екен. Сол өнерімен Зевстің де көңілін жібітіпти.

Сүйікті Эвридикасының қазасына Орфей қатты құйзеліп, құңғренеді. «Сүйіктімді бер, не өзімді де ал» деп құдайга жалбарынады. Бірақ тілегі қабыл болмайды.

Тек Зевстің көңілі түсіпти. Өлілер патшалығы Аидқа барып, Эвридикасын алып қайтуына рұқсат етіпти. Әсерлі әні мен кифарасының сиқырлы үні өлілерді разы етсе гана, сүйіктісін алып шықпақ. Бір гана шарты бар. Эвридикасын жер үстіне алып шыққанша, оның жүзіне қарамауы керек. Қарады — бітті. Мәңгілікке айрылмақ.

Эвридикасы үшін не қыныңдық болса да төзуге бар. Орфей жер астына түседі. Бір жақтан тамұқтың оты лапылдан, алдынан аруақтар кескестейді. Қорқынышты түс көргендеге қүйге түседі. Бойдан әл кетіп, тынысы тарыла бастайды. Сол кезде кифарасын шертіп қалады. Бойына қүш оралғандай. Эвридикасын армандалап, сағынышты әнге салады. Әсем өүенге үйыған аруақтар оған жол береді.

Орфей гажайып көлеңкелер өлкесіне жетеді. Бір көлеңке көзіне оттай басылады. Эвридика екен. Қолына ұстап, жетектеп жүре береді. Эвридика Орфейді таниды. Бірақ Орфей неге қарамайды?

Сонда Эвридика жалыныпты Орфейге: «Бір қарашы бұрылып, сағындым гой жүзінді». Орфей бұрылмапты. «Әлде адам қарамастай, нұр тайды ма өңімнен?» Орфей жауап қатпай, жүре беріпти. «Қарамадың, ұмытқаның ба, әлде?». Сүйіктісінің жүзін бір көруді аңсан келе жатса да, Орфей шыдайды. Эвридика уайымга салынады.

«Орфей мені ұмытса, қызығы жоқ Жердің де. Орфей мені ұмытса, қызуы жоқ Күннің де. Орфей мені

ұмытса, тіршіліктен не қайыр, қала берем осында.
Ұмытпасаң, қарашы, Орфей, көзіме, жанарыңды жа-
сырмай».

Манадан шартқа багынып, әзер төзіп келе
жатқан Орфей мына сөзден кейін шыдамапты.
Жүргегі жарылардай бол, жалт қараганда ... Эври-
дика құлап түседі. Сүйіктісінің өлі денесін
құшақтап, Орфей қатты егіліпті. Енді бәрі бітті.
Эвридикасыз тіршілік — тұл. Орфей өзіне жұмса-
маққа қанжарын суырып алып, сүйіктісіне соңғы рет
қараган екен. Сонда... Эвридика көзін ашиptты.

Құдайлардың мейірімі түсініті.

Шіркін, өліні тірілткен өнердің, өнерге қуат
берген махаббаттың қүшін-ай!

Ал қазақта мынадай аңыз бар.

Ерте, ерте, ертеде... Ән алтын құннің астында,
ақша бұлттың ұстінде ұшып жүреді дейді. Көгілдір
көлдің көркемін, көкорай шалғын өлкені ке-
зіктірсе, жер бауырлап ұшыпты. Сонда әннің әсем
сазы, әдемі өрнегі, толқында шірімдері тыңдалған
жанга анық естіледі екен.

Бірде ән кең байтақ қазақ даласының ұстінен
өтіпті. Баян мен Көкшениң көгілдір тауларына,
күміс көлдеріне қызығыпты. Еріксіз төмендепті.
Көлдің бетін қанатымен сыйып өтіпті. Шың ба-
сына ұлпа бұлт бол оралыпты. Кең даланы айнала,
жер бауырлай ұшыпты. Ақ Жайықты жағалапты.
Сырдың бойын сагалапты. Одан Жетісуга жетіпті.
Жеті өзенге шомылып, жеті айналып ұшыпты.
Содан кейін Алатауды әрі асып, қимай-қимай кетіпті.

Төмендеп ұшқан әнді халқымыз ұбып тыңдалапты.
Құлагына құйып тыңдалапты. Содан көмейіне ұн
қоныпты. Көкірегіне жыр тұнепті. Содан былай
асқақтата ән салыпты. Құмбірлеме күй тартыпты.
Шабыттана жыр төгіпті. Халқымыз «әнші халық»
атаныпты.

Шоқанның досы, орыс галымы Г. Потанин: «Маган
бүкіл қазақ даласы ән салып тұргандай болады»,—
деген екен. Шынында, кең байтақ даламыз — ән
мен жырдың өлкесі ғой.

Қазақ әндерін жинап, зерттеген А. Затаевич өзі тыңдаған әншілердің шеберлігіне қайран қалған. Кейбіреуін «Қарқаралының Карузосы», енді бірін Вагнер операларында айта алғатын әнші деп бағалаған. Халық әндерін Рубинштейннің, Вагнердің «Лоэнгрин» операсының, т.б. Европа композиторларының әуендеріне тәсеп отырған. Мұның өзі кейбір халық әндерінің классикалық музыка деңгейінде екенін көрсетеді.

Европада әнші халық — итальяндықтар. Үні де, әні де әсем. Музыка зерттеушілері қазақ-тың халық әндерін сол итальян әндерінің қа-тарына қояды. Осының өзі тегін болмаса керек. Әттең, музыка мәдениетіміз Европалық деңгейде осыдан бірнеше гасыр бұрын дамыған болса, әлемдегі әнші халық қазақтар деп айтпасымызга кім кепіл?!

Аңыз тегін шықпаған...



Әрбір қүйі — жыр-дастан,
Қыр маңғазы атамған,
Күй шертуде кім асқан
Құрманғазы атамнан?!

«Ертең кетем»

Құрманғазы түрмеде
Біраз болды жатқалы.
Азық болып бүргеге,
Азабына батқалы.

Төрт бұрышты тас қамал,
Тас тәсегі бар тағы.
Жоқ істейтін басқа амал,
Домбырасын тартады.

Бүгін тіпті желпініп,
Домбыраны ап жігерлі,
Құлақ қүйін келтіріп,
Қағып-қағып жіберді.

Күніне мың шертсең де,
Қоймайтұғын болдыра,
«Ертең кетем, ертең» деп,
Сөйлеп кетті домбыра.

Домбыра үні —
сүйіне
Күнде тыңдал жүрген үн.
Құлақ тосты қүйіне
Күзетшісі түрменің.

Күй сөйледі:
«Қашамын,
Ертең кетем еліме.
Омырауды ашамын
Қырдың ерке желіне.

Кімің мені аяпты,
Мен де аяп нетемін?!
Кісендедің аяқты,
Кісеніңмен кетемін.

Ертең десең, кешіктің,
Бұғін үйір бұлтыңды.
Құлпын сал есіктің,
Бұзып шығам құлпыңды.

Құғын бассын қамшыға,
Жеткізбеймін, оқ болам.
Айналам да тамшыға,
Құмға сіңіп жоқ болам.

Бой тасалап тәбесі,
Ши қалқалап жүзімді,
Туған жердің көдесі
Жасырады ізімді.

Қыр ауасы — қымыздай,
Дей бер бойға күш енді.
Таспен ұрмай,
мен бұзбай,
Күймен ашам кісенді.

Бір төбенің астында
Ат тұрады тұсаулы.
Мініп алып қаштым ба —
Армандама ұстауды.

Оятамын қырымды
Тасырлатып тұяқты.
Айттым барлық сырымды»
Деп, күмбірлеп күй ақты.

Күзетші орыс жасамыс,
Тұсінетін күй тілін.
Атып тұрып, асығыс
Түймеленді кителін.

«Қырсығынан осының
Мекендетер Сібірді»,—
Деген ойдан шошынып,
Бастығына жүгірді.

«Жоғары мә -мәр-тебелім,
Болса егер түйсігім,
Түсіндім не дегенін
Анау тұтқын күйшінің.

Бәлкім, күзет қойылар,—
Деді, тілі күрмелे,—
Ертең қашпақ ойы бар,
Қалмақ емес түрмеде».

Асқақтатып шен тіптен,
Бастығы алда — арағы,
Күзетшіге ентіккен,
Қабақ шыта қарады.

Алтықпады,
саспады,
Толқығанын жасырып.
Жұз грамды
тастады
Көмейінен асырып.

Аузын сұртіп жеңімен,
Үрза етіп жұтқынын,
Мысқылдады:
«Сенімен
Сырласты ма тұтқының?»
Сол мысқылмен
бастығы
Қарады тас мұсіндей.
Әзілі, әлде мастығы,
Күзетші түк түсінбей.

Белгісі жоқ тіршілік
Алдында сол мұсіннің,
«Тақсыр,— деді түршігіп,
Музыкасын түсіндім».

Тастар еді бір шертіп,
Мысқалымен уытты.
Кекесінмен мырс етіп,
Бастық түсін суытты:

— Жоғал, қалмай мазаққа,
Не деп тұрсың міңгірлеп?
Музыка жоқ қазакта,
Жай бір діңгір-діңгірлек!

Түсінбеудің сол құны:
Ертеңінде — дүрбелең.
Құрманғазы сол түні
Қашып шықты түрмеден...

Үнінде бар жылылық
Өуенді кім сүймеген.
Неткен ғажап ұлылық,
Сырын айтқан күйменен!

Неткен дарын кернеген,
Сана сезіп, ой жеткен.
Қос ішек, тоғыз пернемен
Қу ағашты сөйлеткен.

Күйдің құны шамалы,
Бағаланбас ол да аса,
Ұғар сезім саналы,
Естір құлақ болмаса.

Сезем күйдің күшін мен,
Тартқан қырдың «бұзығы».
Қандай дана
түсінген
Орыстың сол мұжығы!

Екінші бұрау: құдіретті күйші бабамыз

Күн еңкейген мезгіл. Еңісте жатқан ауыл үстінен тұсken жалғыз салт атты жұпныны гана қоңыр үйге ат басын тіреді. Қапсағай денелі жолаушы сәлем беріп кіріп келгенде, үйде кемпір мен шал гана бар екен. Сәлемдесіп, ауыл-аймақтың амандығын сұрасқан. Жолаушы: «Жол соғып, шаршап келе жатыр едім, құдайы қонақпыш», — деген де қойған. Қонақтың кім екенін қазбалап сұрау ел салтында жоқ, үй иелері де одан әрі сөз қозғамаган.

Бір кезде кемпір мен шал қонақ қамымен сыртқа шығады. Үйде жалғыз қалған жолаушының көзі керегеде ілулі тұрған үкілі домбырага түседі. Домбыраны қолына алып көріп, теріс бұрап қайта орнына іледі.

Әлден соң үйге кемпір мен шал және бір бойжеткен кіреді. Қыздың киім киісі, жүріс-тұрысы оның кербездігін аңгарта, жолаушыға назар салмастан, маңмаң басып төрге өтүі де, осы үйдің еркесі екенін ұқтыыргандай. Бойжеткен керегедегі үкілі домбырасын аялай ұстап, бір шертіп қалды. Домбыраның үні басқаша шыққанга тіксініп:

— Кім тиген мынаған? — деді жақтырмай.

Кемпір мен шал «біз кінәлі емеспіз» дегендей, қипақтап қонаққа қарай береді. Қонақта үн жоқ. Бойжеткен де жауап күтіп жатпады. Домбыраны құлақ қүйін келтіріп алды да, күмбірлетіп бір қүйді бастап кетті. Қыздың саусақтары да епті, домбыра шертіци тәп-тәүір екен. Қүй біткенде, қызы маңгаздана қонаққа көз қызығын тастап еді. Қонақ қозгалақтап:

— Қарагым-ай, қүйдің шогын тартпай, қайдазы жогын тарттың гой. Әкелші домбыраны, — деп, қолын созды.

Бойжеткен әрі қысылып, әрі таңырқап, домбырасын ұсына берді. Бұл маңайда оның тартқан қүйіне ешкім сын айтып көрмен еді. Мына қонақ бірденце біле ме?

Қонақ домбыраны алған бетте қанатын қомдаған қырандай дүр сілкініп, дүрілдеміп тарта жөнелді. Бойжеткен де, кемпір мен шал да аң-таң. Құйді ойнап біткен соң, қонақ домбыраны қыздың өзіне қайтарып береді. Үй іші қонаққа риза бол, бір серпіліп қалады.

— Қарагым,— дейді кемпір,— бұл маңайда аты шыққан қүйші жоқ. Қызылқұрт ауылында Құрмангазы деген бар деуші еді. Домбыра тартысың бөлек екен, сен сол емессің бе?

— Болсақ, болармыз,— деп жауап береді қонақ.


Сонда қүйшіні әлгі ауыл бірнеше күн қонақ қылышын, сый-құрметтеп аттандырады. Сондагы Құрмангазының ойнаған қүйі «Серпер» екен дейді аңыз.

Халқымыз қүй атасы — Қорқым дейді. Одан кейін Құрмангазы аталаған. Оның қүйлері терең толғанысқа, қуатты ұнғе толы. Әрбір қүйі бір-бір симфония десе де болғандай. Әсіресе оркестрдің орындаудында оның қүйлері қуаттанып, толыса, ажарлағанып ашила тұседі.

Құрмангазы қүйлерінің осындағы қуат-қүшін кезінде орыс зияяллыары тани білген. Солардың бірі — этнографиялық мәселелермен шұғылданған казак офицері, тарихшы, әрі журналист Никита Федорович Савичев еді. Ол Құрмангазының өзін көріп, өнеріне тәнні болған. Қүйшінің дарынын жоғары бағалап:

«Егер Құрмангазы европалық білім алса, музика әлемінің жарық жүлдзызы болар еді»,— деп жазған екен.

Қазақ қүйлері мінезіне, орындалу өрнегіне қарай төкпе қүй, шертпе қүй деп бөлінеді. Дауылды төкпе құйдің алыбы Құрмангазы болса, шертпе қүй шеберлерінің бірі — Тәттімбет...



«Сылқылдақ»

«Күйші кепті ауылға»,
Жатыр хабар таралып.
Өнер сүйер қауымға
Бұл бір үлкен жаңалық.

Келіп жатыр жан-жақтан,
Ақ боз үйдің алдына.
Сапырылысқан аяқтан
Жапырылды шалғын да.

Сауықшылдау ел еді.
Алмағасын түрініп,
Бір атамыз келеді,
Етегіне сүрініп.

Күйді ішер ас ұғып,
Үлкен санап ән жолын,
Бір өжеміз асығып,
Теріс киді қамзолын.

Ұмытқаны не тіпті
Күнделікті өз ісін:
Балалар да кетіпті,
Жамыратып қозысын.

Қыздар бұрын жетіпті,
Желкілдетіп желегін.
Суға тастап кетіпті
Ала барған шелегін.

Бір жеңгеміз асыға
Жүгіріпті сол шақта,
Қазандағы тасыған
Сүті қалып ошақта.

Кунге жұзі тотығып,
Жетегінде қиялдың,
Жұрт жайғасты отырып,
Сахна ғып үй алдын.

Қызығатын достары,
Қызғанатын жат күнде,
Барлығының тосқаны —
Сырбаз күйші Тәттімбет.

Басып жүрек лүпілін,
Ақ боз үйден толғанып,
Күйші шықты, үкілі
Домбырасын қолға алып.

Белгісіндей серілік
Өн бойында сән-көрік.
Қою қасы керіліп,
Қара көзін төңкеріп.

Біледі екен мұртты да
Әдемілеп қоюды.
Қызығады жұрт мына
Тақиясына оюлы.

Қазыбектей атаның
Ұланы рой жоталы.
Жамылышты шапанын
Алтын зерлі, оқалы.

Домбырасын бір қағып,
Құлақ күйін келтірді.
Әр қимылсын бір бағып,
Құлақтарын ел түрді.

«Ал, ағайын, әуелі
Өнерін көр аттың», — деп,

Лепілдеген өуенде
Бастап кетті Тәттімбет.

Жұрт қалайша болмас таң:
Естіп күйдің бұлағын,
Оқыранып торы қасқаң,
Қайшылады құлағын.

Желгені ме, жорта ма,
Көргендеге ой тастап,
Шыға келді ортаға,
Торы қасқа ойқастап.

Елестетті елікті.
Ойнақтаған қырдағы.
Күй өуені желікті,
Мың құбылып ырғағы.

Күй аумалы-төкпелі
Сәтте өзгеріп қас қағым,
Жатты ырғаққа дөп келіп,
Әр адымы қасқаның.

Желе беріп бөгеліп,
Қойғандай-ақ арқандап.
Тигендей бір бөгелек,
Басын шұлғып, тарпаңдал.

Одан сайын байқалып
Ат сымбаты келісті,
Бір орында тайпалып,
Салды жорға желісті.

Атылардай екпіндеп,
Қайырғандай саяқты.
Тұяқпен жер тепкілеп,
Бірде сылтып аяқты.

Байқағанға анықтап:
Желпілдетіп кекілді,
Ауада сәл қалықтап
Тұрып қалған секілді.

Қалың қауым көзіншे
Торы қасқа биледі.
Өрнек тауып өзінше
Әр ырғаққа күйдегі.

Шырман сиқыр торына,
Үзілгенде баяу ұн,
Басын иді торы да,
Бүгіп екі аяғын.

«Бәрекелді,— десті ел,—
Садағаң бол кетелік!»
Қошаметті кешкі жел
Жатты аспанға көтеріп.

Самал болып желпіген,
Құлағына тәтті ұн кеп,
Қошеметке елтіген,
Елең етті Тәттімбет.

Күйдің сазы әуенді
Жанын баурап барады.
Болып соған тәуелді,
Жан-жағына қарады.

Тал шыбықтай мұсіні,
Үкі таққан бәркіне.
Ынтық етер кісіні,
Өнері сай көркіне.

Топтан озған жүйріктей,
Шертіп отыр бойжеткен.
Саусақтары сүйріктей
Әдемі еді, ой, неткен!

Бір қараған адамын
Ететіндей жаралы,
Нәркес көздің жанарын
Тәттімбетке қадады.

Күй қанатын ескенде,
Дегендейін қалыспа,

Атағынан сескенбей,
Шақырғандай жарысқа.

Қырдың қызыл тұлкісі
Кездесті ме аңшыға?
Сыңғырлаған күлкісі
Осып өткен қамшы ма?

Шыдамады, мұндайда
Сайыскерді таптым деп,
Екі ішектен үн майда
Төгілдірді Тәттімбет.

Бірде теріс, оң бұрап,
Тасытқанда шабытты,
Кыз қолында домбыра
Сезім сырын ағытты.

Күмбірледі
толқынды
Талай күйлер кезекпен.
Уақытты сол күнгі
Байқамады ел тез өткен.

Отыр бойын тік ұстап,
Қарттары да жастары.
Таң білініп, шығыс жақ
Арайлана бастады.

Сазды өуендер тартылды,
Қалар барын бүгіп кім?
Кыз өнері сарқылды,
Бітті күйі жігіттің.

Тартпай қыздың ажары,
Бастаған бұл сауықты,
Тыңдаушылар назары
Тәттімбетке ауыпты.

Кім ұтылар, кім ұтып,
Шертсе тағы бір күйді.
Жұрт сенімі, үміті
Көңіліне нұр құйды.

Кеудесін үн кернеді,
Ұшырып күй-кептерді.
Басып тұрып пернені,
Қағып қалды ішектерді.

Сылқ-сылқ етіп күй ақты,
Лебі бар бір жылудың.
Су сыйдыры сияқты,
Не құлкісі сұлудың.

Су бетінен бөліне
Көтеріліп ақ бу боп,
Қайта қонып көліне,
Сұнқылдады аққу боп.

Ұмытылды қайғың да,
От сезімге еріді үн.
Сол бір аққу айдында
Тапты өзінің серігін.

Саусақтары бойлады
Пернелерді сағалап.
Қанатымен ойнады
Қос аққу су сабалап.

Тағы да қыз құлкісі
Қытықтап бір кетеді.
Бұлғактайды үкісі,
Көлбендейді етегі.

Еппен басып пернені,
Екі шектен үн тыңдалап,
Әсем саздың өрнегі
Төгіледі сымсыздап.

Оң қолының соққаны
Күй ырғағын мәнді етіп,
Саусақтары тоқтады,
Баяу ғана әндептіп.

Жеңілерін ақ таңнан
Мойындармай тұн жатты.

Күйші көңілі шаттанған
Қызға қарап үн қатты:

«Сылқылдақ»— бұл күй аты,
Қалқам, саған арнадым.
Көңілімнің мұраты,
Осы күйде арманым».

Қараса да ерікті
Кейбіреулер қызғана,
Күйші жігіт көрікті
Ұнап қалды қызға да.

Күлімсіреп қарайды,
Бейне балғын бал құрақ.
Таң нұрымен арайлы
Екі беті албырап...

...Жаз жылыстап, күз жетті,
Бұлт үйіріп жатты аспан.
Ұзатылып қыз кетті,
Жігітіне атасқан.

Сонда жанын от ұрып,
Қыз күйшіні ойлапты.
Шымылдықта отырып,
«Сылқылдақты» ойнапты.

Сол сезімін алыптың
Жаныңмен ұқ, күйші інім.
«Сылқылдақта» қалыпты,
Жүрек сыры күйшінің.

Үшінші бұрау: сегіз қырлы, бір сырлы...

*Асқан күйші Тәттімбет салдық ұрып, өнермен
гана айналысқан адам емес. Ол өз заманының қогам
қайраткері ретінде ел билігіне қатысып, халық
қамын ойлаған азамат. Тәттімбет Қарқаралы ок-*

ругінде Нұрбике-Шаншар еліне 12 жыл бойы болыс болған. Халықты сорған жебір, озбыр болыс емес, еліне жайлы екен. Кейбір болыс-білерді, тәрелерді сынап, «Бестөре» деген күй де шыгарған. Оның мәнісін сұрагандарға:

Күйдің аты «Бестөре», ...Өз еліне қасқырдай
Бесеуі де мес төре. Неге мұнша өш төре?—


деп, өлеңмен түсіндірген.

Тәттімбет ел ішінде күйшілігімен де, сөзге шешен, тапқырлығымен де көзге түседі. 1855 жылы Шоқанның әкесі Шыңғыс, Шорманның Мұсасы, тағы басқа беделді адамдармен бірге Петербургке барады. Александр Екінші патшаның таққа отыру салтанағына қатысады. Патшаның қабылдауында болады. Оnda ол күйшілік өнерін көрсету үшін емес, орта жұз қазақтарының орыстарға деген сенімін, ілтишатын білдіру үшін барады. Осының өзі оның ел ішінің тыныштығын ойлан, саясатпен айналысқанын да айгақтаса керек. Бұған дейін Тәттімбет хорунжий шенінде екен. Осы жолы ол жұзбасы атагын алғып, Анна лентасы тағылған күміс медальмен наградталады.

Тәттімбет осы сапарында орыс өнерімен танысусы да ықтимал. Қазақ әндерін жинастыруышы, зерттеуші А. Затаевич Тәттімбеттің «Қосбасар», «Былқылдақ» атты күйлері орыс операларының әуендерімен үндесетінін жазған. Бәлкім, бұл үндестік орыс композиторларының қазақ әуендерін өз музикасында пайдалануынан туган ұқсастық болар. Қалай болғанда да, екі ел арасында ертеден келе жатқан мәдени байланыстың бар екені анық.

Сырбаз күйші тек өнер кенін қазумен ғана емес, табигат кенін іздеумен де шұғылданған. 1856 жылғы финанс министрлігінің бүйрығы бойынша Тәттімбетке кен орнын ашып, алтын қазуга рұқсат етілген. Соны растап, Алтай кен басқармасының бастығы оған күәлік берген.

Тәттімбет осындаи сегіз қырлы, бір сырлы болған екен.



Эн еркесі

Алатауым асқақтайды,
Ұлылығын ұқтырып.
Қарағайлар қас қақпайды,
Сақшылардай тік тұрып.

Бауырындағы шыршалары
Барлық қызық өрде деп,
Келгенінше мұршалары
Бара жатыр өрмелеп.

Ереуілді жаны аңсай ма,
Тау өзені «аттандай»,
Дүбірлетіп анау сайды,
Қиқу салып жатқандай.

Тастан ырғып бала бұлақ,
Қалмайын деп дүбірден,
Қоңырауды балағына
Байлад алып жүгірген.

Көрсеткендей биші талдар
Өрнегін би тілінің.
Бұрқыраған иісі қандай
Алма ағаштың гүлінің.

Ағаштарды
жағасынан
Тентек самал сілкілеп,

Күн шуағы арасынан
Жауып жатыр сіркіреп.

Күннің ұзын сәулелері
Шектеріндегі арфандың,
Шертсөң, әннің мәуелері,
Төгілердегі дарқан үн.

Қайқаңдарға тік атылып,
Ширатылмай, тарқалмай —
Бір жол жатыр шұбатылып,
Ат сүйреткен арқандай.

Жол жиегін сүйсіндіріп,
Келеді ағып бір сарын.
Тастақ жолды исіндіріп,
Жарып шығып құрсағын.

Жегілген бір тарантасқа
Қос ат бұлқ-бұлқ желеді.
Тық-тық етіп таға тасқа,
Әнге басып келеді.

Салғанында тұяқ дүбір,
Тастақ жол да жырлады.
Таға үні — сияқты бір
Әсем әннің ырғағы.

Екі жігіт тарантаста,
Сұлу отыр тотыдай.
Шырқатады «Қаламқасқа»,
Көздерінің отын-ай!

Шабыттанып алған екен,
Қастарына жанап ек:
Бірі — Құләш, қалған екеу—
Евгений мен Қанабек.

Сезімдерін аялайды ән,
Көңіл толқып кетеді.

Үшеуінің саяжайдан
Келе жатқан беті еді.

Ән тербеткен бесігінде,
Сәби кезден емген күй.
«Қыз Жібекті» осы күнде
Жазып жүрген Евгений.

Әнге құмар жаңа лепті,
Келгеніне жыл асты.
Тыңдауға әуес Қанабекті,
Бұлбұл үнді Күләшті.

Қанабек кеп боздатады
Мұнды әннің ботасын.
Ал Евгений, ол жатады
Түсіріп ап нотасын.

Күләш болса, құлатады
Көмейдегі бұлағын.
Ал Евгений гүл атады,
Әнге тосып құлағын.

Талай әуен сұрыпталды,
Бір-біріне жалтақтай,
Дағдарысып тұрып қалды,
Қыз Жібекке ән таппай.

Тамшыдай бір жанардағы,
Лұпіліндей жүректің,
Болса деген ән ардағы,
Ариясы Жібектің.

Ән біткеннің білгірі еді
Күләш пенен Қанабек.
Шарасыздық білдіреді,
«Әзірге осы ғана», — деп.

Арияға жарап әнді
Түсіре алмай есіне,



Көңілдері жарапанды,
«Әншіміз,— деп,— несіне».

Сезімдерін аялайды ән,
Тербеп ойдың жетегі.
Үшеуінің саяжайдан
Келе жатқан беті еді.

Дүсірлетіп тұяқтарды,
Өткенде аула тұсынан,
Көтерілген сияқтанды
Кептер болып ұшып ән.

Кенет Күләш белгі берді,
Тоқтады аттар заулаған.
Естіген жан елжірелік
Ән шығады ауладан.

Сол бір үнмен нұрланады
Ауладағы бау іші.
Нәзік әуен ұрланады,
Сызылып қыз дауысы.

Үні неткен мәнерлі еді,
Сезім от боп барады.
Құйқылжыған ән өрнегі
Бойға шым-шым тарады.

Тындаған жан жалықпайтын,
Бөленіп от сезімге,
Әсем әннің қалықтайтын,
Шарықтайтын кезінде,—

«Гәкку-гәкку, гәккуледі»—
Күләш сонда қосылып.
Ауладағы бақ гуледі,
Қыз дауысы тосылып.

Дарыны бір гүл ашқандай,
Бағына сол «Гәккудің»,

Үніменен ұласқандай
Аспандағы аққудың,
Күләш даусы шарықтады,
Өз биғін тапқандай.
Су сылдыры арықтағы
Сүйемелдеп жатқандай.

Тілдесетін көкпен тегі
Алатаудың шыңдары,
Қалың ағаш бөктердегі
Тебіреніп тыңдады.

Бардай осы өлеңде арай,
Күн де күліп қарады.
Тарантас та төмен қарай
Ән боп ағып барады.

Тау ішінде той ма, қалай?
Білдіргендей пәк тілек,
Бұлақ біткен ойға қарай
Шапқылайды «гәккулеп».

Евгений де ұйып қалды,
Болып әнге тәуелді.
Зердесіне құйып та алды
Композитор өуенди.

«Құс төресі — тұғыры айдын
Көлдің кербез аққуы.
Ән еркесі — Ыбырайдың
Әсем сазды «Гәккуі».

Ал, Евгений, осыны жаз,
Жібек әнін тапты анық,—
Деп, айтқанда досына наз,
Тұрды Күләш шаттанып.

Тамшыдай бір жанардағы,
Лұпіліндей жүректің,
Тұған солай ән ардағы,
Ариясы Жібектің...

Күләш өннің бағын ашты,

Өнге махаббатымен.

Бір асудан тағы да асты

Достық шапағатымен.

Талай дарын сөнер ме еді,

Қоштамаса танып шын.

Нағыз достық өнердегі—

Аласармас алып шың.

Төртінші бұрау: қазақтың бұлбұлы

Күләш... Қызы Жібек...

Күләш десек, Қызы Жібек көз алдымызга келеді. Қызы Жібек десек, Күләш елестейді. Қызы Жібекті ойласақ, «Гәкку» өнінің әуені құлагымызға жетеді. «Гәккүді» айтсақ, Күләш үнін естігендей боламыз. Ол сахнада көптеген бейнелер жасады. Алайда, Күләш пен Қызы Жібек бір ұгым секілді. «Гәккүді» басқа өншінің айтуында қабылдай алмайтын сияқтымыз.

«Қызы Жібек»— қазақтың тұңғыш операсы. Тұңғыштың жолы құрметті, әрі жауапты. Тұңғыш опера жазу, тұңғыш басты рольде ойнау — айтуга ғана жеңіл.

Операның либреттосын ардақты жазушымыз *Фабит Мұсірепов* жазды. Музыкасын жазған композитор *Евгений Брусиловский* болатын. Ол — сол кезде Ленинград консерваториясын бітіріп, Қазақстанга алғаш келген жас жігіт еді. Қазақтың тілін, салт-дәстүрін, музыкасын білмейтін адамға ұлттық опера жазу оңай болмады.

Опера халық әндерінің негізінде жазылды. Халық әндерін жетік білетін Күләш, Қанабек, Құрманбектер көп көмектесті. Әр кейіпкердің мінез-құлқына сай ән таңдады. Оларды Евгенийге айтып беріп, нотага түсіртті. Брусиловский ән әуендерін өндеп, жүйеге

келтірді. Осы жағынан алғанда «Қыз Жібек» опера-сын коллективтік шығарма десе де болғандай. Шындығында, ол — өнердегі үлкен достықтың, творчестволық бірлесудің жемісі еді.

«Қыз Жібек» алғаш рет 1934 жылы қарашаның жетісі құні қойылды. Сахнага шығарған режиссерлер Жұмат Шанин мен Құрманбек Жандарбеков еді. Содан бері «Қыз Жібек» сахнадан түспей келеді.

Қыз Жібектің ролінде ойнаган Құләш қайталаңбас бейне жасады. 1936 жылы Москва да өткен қазақ өнерінің онкүндігінде Құләш дарыны жарқырап көрінді. Париждің әйгілі «Гранд-Опера» театры сахнасында ән салған, орыс әншілік өнерінің көрнекіті өкілі Антонина Нежданова Құләшқа жоғары баға берді. Тіпті әлемге әйгілі әншілер Л. Собинов және Ф. Шаляпинмен қатар жүріп, өнерін көрген сахна тарланы Антонина Құләштің өзіне де, «Гәккүге» де ғашық болды. Құләшті көрген жерде «Гәккүді» айтышы, үйретші» деп қолқалайды еken.

1936 жылы қыркүйек айында «СССР халық артисі» деген атақ белгіленген болатын. Сол атақта алғаш ие болған К.С. Станиславский, В.И. Немирович-Данченко, А.В. Нежданова, т.б. сияқты тарландардың қатарында Құләш Байсейітова да бар еді. Сонда ол небары 24 жаста еken. Музыкалық арнайы білімі жоқ Құләш дарыны қандай десеңізші?!

Халық өзі ұнатқан әншісін бұлбұлга теңейді. Әр халықтың өз бұлбұлы бар. Немістің бұлбұлы — өзі де, үні де әсем Генриетта Зонтаг, финдікі — құмістей сыңғыраган Альма Фострем, шведтікі — бұлақтай сылдыраган Енни Линд еken. Собинов — орыстың, Мамедов — әзіrbайжанның бұлбұлы деген құрметке бөлгенген. Мамедовтың ұлы, белгілі әнши, әрі композитор Полад әкесінің халық берген атымен — Бюль-Бюль оғлы деп жазылады.

Ал қазақтың бұлбұлы — Құләш. Кейде тамаша әншілерімізді бұлбұлга балап жатамыз. Менше, бұл дұрыс емес. Бәлкім, оларды қарлығашқа, бозторғайға теңеу керек шығар. Өйткені бұлбұл — біреу-ақ.

Ол — Құләш.



Қасиетті скрипка

Қалпақ жатыр жолында,
О, халайық, құлақ түр.
Соқыр бала қолында
Скрипка жылап түр.

Төрт шегінен төгіліп,
Жатыр зарлы үн шығып.
Жылай алмай егіліп,
Бала өксиді тұншығып.

Тыңдамай өт шалқақтап,
Көңіліце мұң салар.
Бірақ мына қалпаққа
Тиын-тебен кім салар?

Соқыр тыын бер мейлі,
Тыңдал алып бес күйді.
Салғанынды көрмейді.
Тек сыңғырын естиді.

Ерімесе сараңдық,
Жібіте алмай қоңыр үн.
Жасасаң да арамдық,
Аула бала көңілін.

Жаса жалған сыйынды,
Тек баламен қастаспа.
Сыңғырлат та тыынды,
Қалпағына тас таста.

Оған арың жетпесе,
Жасырмай өт көзінді.
Қалсандар да беттесе,
Көрмейді ол өзінді.

Қарар еді қызылып,
Сұрап еді жалынып,
Бәрінен де қыны —
Жоқ көзінің жалыны.

Мынау үлкен қалада
Нәсіп іздеп көшеден,
Қалпақ та бос, бала да
Нәр татқан жоқ кешеден.

Ойнайды ол талпына,
Зәру болып талшыққа.
Неапольдың халқына
Скрипка таңсық па?

Сатып білген өнерін,
Жұрттан қайыр сұраған,
Сорлы зағип өренін
Байқамады бір адам.

Көрген емес жалпақтап,
Үйренетін іс пе еді?
Сиқыр бардай қалпаққа
Қара бақыр түспеді.

Естімеді сыңғырды,
Бала қалды мұңайып.
Тағдыр сағын сындырды,
Тағады енді кімге айып?

Кім аясын жетімді,
Кемсөндеді иегі.
Тайып кеткен секілді
Көңілінің тиегі.

Саусақтары епті еді,
Талды, бәлкім, жастықтан.
Басы айналып кеткені —
Басқа емес, аштықтан.

Бұрынғыдай төкпеді үн,
Скрипка түрлене.
Суық тиген өкпенің
Сырылындаі бірдеңе.

Осы кезде
қаланың
Жолаушысы жолынан
Бұрылып кеп, баланың
Алды аспабын қолынан.

Жай оты бар көзінде,
Саусақтары нық ұстар.
Қолы тиген кезінде,
Жарқылдады дыбыстар.

Аз уақытын шығындаі
Бермейтұғын көп халық,
Балды көрген шыбындаі
Тұра қалды топталып.

Күй төгілді бүлкілдеп,
Жарысқандай бұлақпен.
Сөзбен айту мүмкін бе,
Есту керек құлақпен.

Сиқыр саз бар күйінде,
Естілмейтін өзгеден.
Саусақтардың биін де
Көру керек көзбенен.

Бірде соғып құйындар,
Бірде бұлақ сылдырлап.
Қалпаққа кеп тыындар
Түсіп жатты сыңғырлап.

Барлық ішегі аспаптың,
Ысқышының бар қылы
Бір өуенде бастап тың,
Жалын болып шарпыды.

Әуен тілі лыпылдап,
Өртейтіндей бақшасын.
Талай мырза қыпымдап,
Салды бума ақшасын.

Мынау әуен дейді ме,
Бар адамнан туыс тап.
Тиындарын кейбіреу
Салып жатыр уысталап.

Енді бірде дегендей:
Фаріпперді ырза ғып,
Қайыр сұрай келгенде,
Жасау керек мырзалиқ.

Түгі жоқтар жалтақтап,
Жақындалап кеп ақырын,
Салып жатты қалпаққа
Қалған соңғы бақырын.

Базар кезіп, сенделіп
Келгендер де саспады:
Бос болса да, теңгелік
Әмиенін тастады.

Сенермісің, оқырман,
Толқығанда күй тағы,
Тиын іздеп, соқыр да
Қалталарын сипады.

Тебірентіп жүректі,
Толқып әуен басылды.
Қол соғып ел дүр етті,
Танығандай асылды.

Қошеметтің ішінде
Келмегендей болғысы,
Риза болған пішінде
Жүріп кетті сол кісі.

Баурап алған бойын ән,
Адамдайын мәңгірген,
Бала тұрды, ойынан
Шыға қоймай ән бірден.

Есі кетті, мал тапты,
Пенделікпен ұсақтап.
Ақша толы қалпақты,
Скрипкасын құшақтап.

Бала әлі сенбей тұр,
«Бұл кім? — деді,— жақсы аға,
Жетімекті мендей бір
Көміп кеткен ақшаға».

«Естіген ғой зарынды,—
Деді біреу қосып ой,—
Паганини — дарынды,
Құдіреттің осы ғой».

Паганини! — деді де,
Бала ауаны қарманды.
Арман еді ол, тегінде,
Ұстау қын арманды.

Зердесіне күйді де
Құя алмады, беу, неге?
Скрипкасын сүйді де,
Баса берді кеудеге.

Небір қуы қаланың
Сол бір сәтте қас қағым,
Сорлы жетім баланың
Саудалады аспабын.

«Бағанды айт ойлаған,
Мол байлықты тағы аңсап.
Паганини ойнаған
Аспабыңды маған сат».

«Қалып жүрме жалаға,
Қайтесің құр асқақтап.
Сендей жетім балаға
Табылады басқа аспап».

«Анығын айт сөзіндің,
Қасарысу бекерлік.
Ақша аласың өзіндің
Өміріңе жетерлік».

«Ойынды айтып қалаған,
Қалмаймысың пұлын ап».
Толқып тұрған балаға
Тұрған жоқ-тын бұл ұнап.

«Керегі жоқ пұлының,—
Деді бала табанда,—
Қолы тиген Ұлының
Аспап керек маған да».

Бесінші бұрау: Паганинидің скрипкасы

Никколоның қабілеті кішкентай кезінен байқалған. Әкесі мандолинада ойнайды еken. Бір күні төрт жасар Никколо әкесінің өн әуенін бұзып ойнаганын аңгарыпты дейді. Содан кейін оған көңіл бөле бастаған. Кейінірек әкесі Никколоға мандолина мен кішкентай скрипка әкеліп береді. Сол алгашиқы скрипка оның бүкіл өміріне бағыт бергендей еді.

Паганини скрипканы тамаша менгергені сондай, оған тең келетін жан болмайды. Оның ойнаганын

тыңдаган небір дарынды музыканнтар Паганиниді өлемдегі бірінші скрипкашы деп бағалаған. Оның өнеріне таң қалғандар осының өзі адам ба, әлде шайтан ба деп те ойлаган. Эр түрлі аңыздар шыгарған.

Никколоның өнеріне табынушылар көп болған. Оның музыкасын тыңдагандар бар пейілімен құлай беріледі екен. Бірде, Пармда болған кезінде ол суретші Пазинимен кездеседі. Музыканнтың өнеріне таңғалған суретші, Никколоның қабілетін тағы бір қырынан көрмек болады. Оның алдына таныс емес бір «Концерттің» нотасын жаяды. «Осы нотаны бірден мұдірмей ойнап шықсан, онда мына скрипкамды аласың», — дейді Пазини.

Паганини еш қындықсыз мұдірмestен нақышына келтіре ойнап береді. Қайран қалған Пазини скрипкасын сыйлайды. Сөйтсе, ол — әйгілі шебер Гварнеридің қолынан шықсан, өте құнды аспап екен.

Тағы бірде, Паганини Ливорнода бір жынга тап болады. Оған ерекше құрмет көрсетіледі. Паганинидің гажайып өнерін көруге жалықпайтын қауым, одан скрипкада ойнауын өтінеді. Никколо аспапсыз келгенін айтып, құтылмақ екен. Оның дарынана сырттай табынып жүретін өте бай коммерсант өз скрипкасын ұсынады. Сол кеште дарынды скрипкашы тамаша аспапта сүйсіне ойнаган екен. Соңында аспап иесі синьор Ливрон өте риза көнілмен Паганиниге келіп:

— Бұдан былай бұл аспапқа сізден басқа ешкімнің қолы тиүгө тиіс емес. Ол — мынадай қасиетті затты қорлагандық болар еді. Қазірден бастап скрипка сіздікі, — депті.

Міне, өнерді бағалау деп осыны айт.

Өкінішке орай, оны құндеушілер де болған. Бірде құншилдер Паганини концертке шығар алдында оның скрипкасының төрт ішегін де білдірмей егеп қояды. Сахнада ойнап тұрганда ішектері үзіліп, ел алдында масқара болуын көздейді. Паганини оны аңгармайды. Тыңдауышысын әсем әуезге бөлеп тұрганда, «дың» етіп

бір ішек үзіледі. Паганини алғашқы бетте қысылып қалса да, онысын сездірмеуге тырысып, басқа ішектерде ойнай береді. Бір мезетте екіншісі үзіледі. Оған да састайды. Ғажайып шеберлік танытады. Одан соң үшіншісі... Сонда да тоқтамайды. Жалғыз ішектен сиқырлы үн төгеді. Ойнап біткенде, соңғы ішек те үзіліп кетеді. Мұны көрген халық оның дарынымен қоса батылдығына, тапқырлығына риза бол, қол согып тұрып алады. Күншілдер осы әрекетімен Паганини дарынының тағы бір қырын ашқанын аңгармады.

Осыдан кейін Паганини жалғыз ішекте гана ойнайтын музыка жазады. Оны өзі орындайды. Бұл ерекше шеберлікті керек ететін шыгарма еді. Бірақ оны да күншілдер әр саққа жүгіртеді.

Бірде концертке асыққан Паганини арбакештен апарып салуын өтінеді. «Он франк төлесен ғарыштың», — дейді анау. Қалжыңы гой деп ойлайды Паганини. Сөйтсе, арбакеш:

— Қалжыңым емес. Сен де жалғыз шекте ойнаған концертіңе он франк аласың гой,— дейді.

Сонда Паганини іле жауап береді.

— Арбаңды жалғыз өтінгенде жүргізіп апарсаң, сұраганыңды берейін,— деген екен.

Паганинидің қалжыңдары уытты болыпты деседі. Қалай десе де, оның музыкасында мейірім мен шапагат мол болатын.



Шопеннің жүрегі

Күйме әнімен жаттанды
Көтеріліп жол шаңы,
Қия алмай аттанды
Тұған Отан — Польшаны.

Орындалса жарады
Армандары бар ізгі.
Бетке ұстап барады
Вена менен Парижді.

Қайда барса жол ашық,
Шопен аты — паролі.
Жиырмадағы
болашақ
Рояльдың королі.

Күтеді алда думанды ел,
Қарайды артқа елеңдей.
«Енді сені, тұған жер,
Көре алмаспын» дегендей.

Көлдер қалды мәлдіреп,
Таулар тұрды мұнартып.
Қарағандай соңғы рет
Көз алмайды құмартып.

Жанарына сыйғызып
Әкетердей сезінді.

Көңілін бір күй бұзып.
От шарпыды сезімді.

Өзгеріліп іреңі,
Ауыр ойға батқандай.
Өзі кетіп,
· жүрегі
Қалып бара жатқандай.

Қарайды ол маңына,
Көзінде жоқ қуаныш.
Тек демеу бол жанына,
Көңілге бол жұбаныш,

Салып берген дос, туыс,
(Қандай ғажап ел еді.)
Туған жердің қос уыс
Топырағы келеді...

Тыныш еді кеткенде,
(Болсын сәті онынан.)
Ол Венаға жеткенде,
Хабар жетті сонынан.

Ішілместен ас қалды,
Қуанды ол қол соға.
Деген кезде: «Басталды
Революция Польшада».

Өн бойына от енді,
Сенім болып тірегі.
Асықтырды Шопенді
Ел деп соққан жүрегі.

«Неге кеттім жыр аңсап,
Достарыммен бірге өскен
Бостандық деп ұран сап,
Қару ұстап жүрмес пе ем?»

Қырандай бір тулеген,
Қайту еді жоспары.
Сапар сәтін тілеген
Басу айтты достары:

«Дей алмаймыз оң, теріс,
Фридерик, сен асықпа.
Сен жасайтын төңкеріс
Емес енді қашықта.

Бақ сыйласаң өңірге,
Не бар одан жоғары!
Жоқ еркіндік өмірде,
Өнерде де жоқ әлі.

Тырмыса бер сен өрге,
Сенсің жалғыз ер кіндік —
Отаныңа өнерде
Әперетін еркіндік!»

Тудырмады егесті,
Қалды бұзбай бірлікті.
Шопен келді деп естіп,
Қалың қауым дүрлікті.

Вена халқы талғампаз,
Өнер парқын білетін.
Ести қалса жалған саз,
Сын семсері тілетін.

Өнерінен танытқан
Ұлыларға тән серпін,
Жұрт тыңдады қалып таң
Фридериктің концертін.

Ол ойнаған сарынның
Құдіреті асты ма,—
Гүл шашылды дарынның
Аяғының астына.

Өнеріне ырзалар
Басын иді балғынға.
«Бәркінді ал, мырзалар*,
Данышпан тұр алдында».

* Композитор Р. Шуманнның сөзі.

Шабыт боп ел лебізі,
Қанат бітіп сезімге,
Көңілінің теңізі
Буырқанған кезінде.

Қошеметке осындай
Шағында бір шаттанар —
Бұзып кетті тосын жай,
Үзіп кетті жат хабар:

«Революция жаншылды,
Басталды ату, жазалау.
Көрсете алмай жасынды,
Іштен тынып, азалау».

Қайта төнді мол тұман,
Күрсінді елі, жүдеді.
Фридериктің толқыған
Дүрсілдеді жүрегі.

Толғандырып дарынды,
Қандай сезім ояндың?
Іздеп тосян сарынды,
Тілін басты рояльдың.

Саусақтары ілгері
Жүгіргенде бір-бірлеп,
Рояльдың тілдері
Сөйлеп берді күмбірлеп.

«Сөйле, рояль,
сөзді ақтар,
Түсінетін тілінді
Қыршын кеткен боздақтар
Естір, бәлкім, үнінді.

Жырла, рояль,
жырды ақтар,
Әрбір сөзің жауды атсын.
Мынау екпін, ырғақтар
Намыс отын лаулатсын.

Күй төк, рояль,
күмбірле,
Күйің жауды жасқасын.
Күмбірлекен үн бірде
Күрестерге бастасын.

Тек сөйлеме налып тым,
Уайым боп естілме.
Еркін ойын халықтың
Жоя алмайды ешкім де».

Күмбірледі күйсандық,
Толқын жарды ұрғандай.
Бір нөсердің исі аңқып,
Бұлты төніп тұрғандай.

Мақсат еткен
төзіммен
Арманына жетуді.
Туды үлкен сезімнен
«Революция этюді»...

...Махаббаттың, сезімнің
Құдіреті тәрізді,
Өнеріне өзінің
Табындырды Парижді.

Туды осында арманы —
Нелер әуен, не бір үн.
Ол Парижге арнады
Қалған қысқа өмірін.

Париж сүйді толғана,
Аялады ұлындай.
Ал Шопеннің сонда да
Жүргегі бір жылышынбай,

Гүлге толып өңірі,
Жаны нұрға толса да,
Өзі мұнда,
көңілі
Жүрді туған Польшада.

Музыканың өуені
Жарып шыққан өзегін,
Бәйтеректей мәуелі
Еске салып өз елін,

Кездерінде сағынған
Оймен барып қайтыпты.
Көзін жұмар шағында
Достарына айтыпты:

«Польшам еді тірегім,
Туған елім іргелі.
Қайда жүрсем,
жүрекім
Отаныммен бірге еді.

Денем мұнда қалса да,
Орындаңдар тілекті:
Жеткізіндер Польшаға
Оны сүйген жүректі».

Арулады дос, туыс,
Табытта жатты:
сүйегі,
Туған жердің қос уыс
Топырағы киелі.

Жерленді ол Парижде,
Беллинидің қасына.
Мұң жатады әр ізде,
Апаратын басына.

Қайғырды елі, жүдеді.
Қанша қыын болса да,
Фридериктің жүрекі
Жеткізілді Польшаға.

Егілді елі елжіреп,
Дамылдады бір қеуде.
Елін сүйген сол жүрек
Сақтаулы тұр шіркеуде.

Фибрат боп талайға,
Қасиеті артады...
Үлкен Жүрек қалайда
Отанына тартады.

Сүю үшін осылай
Жүргімен алыптың,
Туу керек, досым-ай,
Ұлы болып халықтың.

Алтыншы бұрау: киелі жүрек

Поляктың ұлы композиторы Фридрих Шопен не бары 39 жыл өмір сүрген. Ол туган жерден алыстагы Парижга аттанғанда, жиырма жаста гана екен. Сол кездің өзінде оны Вена мен Париж халқы, музика әлемі танып үлгірген.

Фридрих қабілетін ерте танытып, жастайынан музикалық тәрбие алған. Ол бес жасында рояльда ойнай білген. Варшава халқының алдына ең алғаш концертке шыққанда ол жетіде гана екен. Сол кезде оның алғашқы музикалық шыгармасы, тырнақалды туындысы — полонез де жарық көрген. Кішкентай пианист он екі жасында үлкен шеберлікке жетіп, поляктың атақты музыканнтарымен ишкө тенесстірген.

Парижде өткен жылдар — бақытты жылдар еді. Өнердегі өрісі қеңіп, шеберлік шыңына жетті. Талғампаз сыншылар оны «Рояльдың королі» деп атады. Фридрих Парижде өзіне қөтпеген дос тапты. Венгр композиторы Ференц Лист, француз композиторы Гектор Берлиоз, француз суретшісі Фердинанд Делакруа, неміс ақыны Генрих Гейне Шопеннің жақсы сырлас достары еді. Жорж Санд деген бүркеншік атпен белгілі болған француз жазушысы Аурора Дюдеван екеуінің арасындағы жүрекжарды сыйластық ерекше екен. Кейінірек, аралары су-

ысқанда Фридериқ қатты құйзеліпті. Ал поляк ақыны Адам Мицкевичен достығы ыстық сезімге толы болған. Мицкевич келгенде Шопен рояльга отыра қалып, бірнеше сағат бойы музика ойнайды екен. Отанынан жырақта жүрген екі ұлан сағыныш сезімдерін тұган ел әуендерімен жұбатып, алыстағы Польшаны оймен шарлап қайтады дейді.

Өмірінің соңғы жылдары ағылшын достарының шақырыумен Лондонга барады. Шопеннің концерттерінде болған өнер сүйер қауым оған зор қошемет көрсетеді. Сол сапарында Фридериқ шведтің бұлбұлы Енни Линдтің орындаудында шотланд халық әндерін тыңдалап, ләzzат алады. Поляк эмигранттарын қаржыландыру мақсатында Лондонда қойған концерті — Шопеннің өміріндегі ең соңғы концерті болды. Шопен — халқын сүйген азамат еді. Оның ең алғашқы шығарған полонезінен бастап, ең соңғы жазған мазуркасына дейін поляктың ұлттық музикасы болғаны соның дәлелі.

Шопен қайтыс болғанда, халық қатты қайғырып, қастерлеп шығарып салады. Париждің өнерлі музыканнтары Моцарттың «Реквиемін» орындауды. Шопеннің өзінің «Қаралы маршы» да халықтың сай-сүйегін сырқыратады. Фридериктің аманатын орындалап, достары оның жүргегін Варшавага алып келеді. Ұлы композитордың жүргегі Әулие Крест шіркеуінде күні бүгінге дейін сақтаулы тұр.

Екінши дүниежүзілік соғыста фашист басқыншылары Варшавага басып кіргенде, Шопеннің жүргегіне де қаюіп төнеді. Сол кезде отандастары киелі жүректі басқа жерге жасырып қойған. Фашистер Польша жерінен қуылған соң, ұлы адамның жүргегі қайтадан бұрынғы орнына әкелінген.

Елін сүйген ұлға деген халық сүйіспеншілігі осындаид-ақ болар.



Туған жердің самалы

Туған жердің ауасы да шипалы,
Бойы сергек, қанбаса да ұйқы әлі.
Кеткендей ме самал желпіп оятып,
Жеткендей ме әлдеқайдан күй талып.

Таңғы дала секілді бір жыр елі,
Сағындырар алыстасаң бір елі.
Шақырады шегірткенің шырылы,
Су бойында бұлбұл құстың трелі*.

Думанға бар, бозторғайға өн салдыр,
Өн салдыр да, таңдай қағып тамсан бір.
Жетекшісі жетіспейді, әйтпесе
Бәрін қосса керемет бір ансамбль.

Сауысқандар ұшып жүрген секектеп,
Байқамасын, шырқын бұзбай жет ептең.
Аяқ өзі-ақ адымдайды ерінсен,
Көңіл өзі-ақ әкетеді жетектеп.

Өзен бойы табиғаттың мүйісі,
Тал-шіліктің тұнып тұрған күй іші.
Әтір дерлік — жидесінің жұпары,
Қымыз дерлік — қышқыл жусан иісі.

Жүзі әлі тимеген соң шалғының,
Мұлгіп тұрған, шұлғып тұрған шалғынын.

* Трель — музыка тілінде бір дыбыстың әсерлі орындалуы.

Самал желпіп, шайқап өтсе болғаны,
Оянардай жатқан әлі қалғып үн.

Құлағыңа күмбір жетіп сан қылды,
Бағыт алып, шабыт әлі шалқиды.
Жүргегің де серілікті сезініп,
Көңілің де ағытады сан күйді.

Тек бәріне қарау керек сағынып!
Лепсінің сол байсалды, жай ағыны.
Иірімдер тереңдікті білдіріп,
Жетелейді терең ойдың ағымы.

Ентелеп кеп шайып өтсе толқыны,
Сусындайды жағадағы мол құмы.
Сол толқынға қарап тұрып Мұқан да,
Асқақ әнші Біржан болып толқыды.

Өні менен жаны тапқан жарасым,
Қайда кетті сүйіктің — Сарасы?
Көз алдында қалды сұлу бейнесі,
Жүргегінде — ғашықтықтың жарасы.

Оқжетпестің аясында табысып*,
Өткір сөзбен алған біраз қағысып.
Соны ойласа лұпілдейді жүрегі,
Бір сұнып, әнші жаны тағы ысып.

Бір шекісіп бірін-бірі түсінген,
Дарқан дарын, айналайын күшінен!
Жүрек сыры көрінеді көзінен,
Жан жылуы сезіледі пішіннен.

Ғашықтарды сор айырып, қосқан бақ,
Өңшең әнші-жыршылардан дос таңдал,
Думан құрып баурайында Көкшениң,
Армансыз бір шырқап еді қос саңлақ.

* «Біржан-Сара» операсының либреттосы бойынша.

Тағдыр бірақ тығырыққа тықсырды,
Тәнмен сезіп, жаныңменен үқ сырды.
Қаршығаға алдырмаймын дегенде,
Құзғын келіп бүріп кетті сұқсырды.

Көңілдері тапқан кезде жарасым,
Озбырлық кеп бөліп кетті арасын.
Жазатын сол журегінің жарасын,
Енді қайтып көрер ме екен Сарасын?

Ажыратып қос ғашықты табысқан,
Сансыз оймен қақтығысқан, қағысқан,
Арпалысып отыр Мұқан жағада,
Көзін алмай иірімнен, ағыстан.

Күйсандықта төгілсе де күнде өрнек,
Толғанумен өткен талай түндер көп.
Біржан болып тебіренген Мұқанның
Көкірегін кереметтей үн кернеп,

Көмейінен қоңыр дауыс баяулап
Құйылады сезім аулап, ой аулап.
Иірімнен шығып жатқан сияқты
Әсем сазды гармония*, бояу нақ.

Қоңыр дауыс бара жатыр биіктеп,
Иірімдер, бояуынды үйіп төк.
Жас тілекті көктеінен қызып тек,
Жас жүректі тілгілейді күйік, кек.

«Дариға-ай, толқын үрған асау жаным,
Жиһаннның көрем қашан атқан таңын.
Ақтоты, аяулы ерке түсті торға,
Не шара, босатуға бар ма амалым?»

Мен мәңгі, сүйген сәулем, айрылдым ба?
Аққұым, қос қанатың қайрылды ма?
Тас кескен тауға салса ақ семсер ем,
Мұқалып мен де бүгін майрылдым ба?

* Гармония — музыкалық үйлесім.

Опасыз алды-артың жоқ, дүние жалған,
Жазылмас көкірекке қайғы салған.
Бездірдің, бездім бүгін, кеттім қаңғып,
Басқаны іздемеймін Саражаннан!
Көкшетау, құшағыңды аш, едің анам,
Оқжетпес қия тасы болар панам...»*

Таңып бер сен жүрегінің жарасын,
Тауып бар сен сүйіктісін — Сарасын.
Ұлыларың күдікtenіп қарамай,
Болашаққа үміттеніп қарасын.

Арқаның сал ақынығы, тарлан-ай,
О дариға, орындалмас арман-ай!
Мұқан даусы үзілгенде талықсып,
Әнге үйіп қалған екен бар маңай.

Күй көмкеріп Лепсінің жағасын,
Толқып жатты
Бергендей өз бағасын,
«Браво!»— деп, арт жағынан дауыстап,
Әбікен кеп құшақтады ағасын:

«Апам отыр шәйін сенсіз құя алмай,
Асықсан да, сезімінді қия алмай,
Құлақ түрдім жақын келіп тасадан,
Жылап түрдым, көздің жасын тыя алмай.

Шабыт беріп туған далаң, Лепсің,
Жатқан болар тілеуінде тілеп шын.
Осы операң мақтаны боп халқыңың,
Осы арияң қадамыңа гүл ексін».

* Опера либреттосынан, авторы К. Жұмалиев.

...Кейін болған елге әйгілі, жария,
Туды осылай Біржан салған ария.
Шабытыңды ететін сел-дария,
Туған жерде қасиет бар!
Бар, иә!

Жетінші бұрау: күйсандақ сыры

1944 жылы, маусым айы болатын. Бір күні Балқаш көлінің оңтүстік жағалауындағы «Улгі» колхозында тұратын інілері Алматыдағы Мұқаннан хат алады. Мұқан хатында демалыс алып, екі айга ауылга баратынын хабарлапты. Ойында жүрген «Біржан-Сара» операсын жазғысы келетінін айтып, мүмкіндігі болса пианино тауып қоюын сұрапты. Үй іши, жора-жолдас, ауыл-аймақ қуанып қалады. Мұқанды мақтаныш көретін ауыл адамдары жан-жақтан сұрау салып, пианино іздестіреді. Ақыры сол кезде аудан орталығы болған Бөрлітөбенің орта мектебінде пианино бар деген хабар жетеді.

Ауыл жігіттері аудандық оқу бөлімінің бастығымен, мектеп директорымен сөйлесіп, жағдайды баян етеді. Игілікті іске кім қарсы болсын? Олар да тілектестігін білдіріп, пианиноны беруге келіседі. Енді оны «Улгі» колхозына қалай жеткізбек? Согыс уақыты. Көлік тапшы, машина мұлде жоқ. Бірақ жігіттер жасымады. Қазақ өнеріне кішкентай болса да септігін тигізу өрқайсының көкейіне арман бол ұялаган еді.

Айына бір-екі рет қатынайтын пароходты тосуга тұра келді. Әуелі түйелі арбага салып, пианиноны Бөрлітөбे айлагына жеткізді. Одан пароходқа ти-ен, Қарашығанга жеткенше Балқаштың толқынына шайқалып барды. Қарашығанда оларды өгіз арба күтіп тұрған еді. Құн төбеден, құм табаннан қызыздырған маусымның ыстығында, өгіз арбага ти-

елген қара сандық «Үлгіге» жеткенше жігіттерде тыным болмады.

Демалысқа келген Мұқан «Біржан-Сара» операсын жазуға кірісіп кетеді. Талай тынымсыз күндер мен үйқысыз түндерді Мұқан қара пианиноның қасында өткізеді. Әнші Қосымжан Бабақовтан жазып алған Біржан әндерін өңдейді. «Жар-жардан» бастап, «Жоқтауга» дейін халық әндерін әрі ақын, әрі әнші аласы Тәжібалага айтқызып, жазып алып, операға енгізеді. Ауыл жұрты бұрын көрмеген қара сандықтың сыңғырлаған үніне құлақ тосып, мектеп төрекесінің түбінде түп ауганша тыңдаپ отырады екен.

Осылайша Мұқан туган ауылында, музыка синьшысы Б.Асафьев «ән-опера» деп жогары бағалаган, музыканың алтын қорына қосылған «Біржан-Сара» операсының бірінші және екінші актілерін жазған. Ғажайып музыка құм ішіндегі қарапайым ауылда туган екен.

Сол қасиеттің күйсандық қазақтың тұңғыш профессионал композиторы, СССР халық артисті Мұқан Төлебаевтың көзіндегі бол, әлі де Талдықорған қаласындағы өлкетану музейінде сақтаулы тұр.

Казақстан Гимні авторларының бірі, дарынды композитор 47 жасында дүние салды. Музыка синьшілары оны көзі тірісінде-ақ «қазақтың Глинкасы» деп бағалаган еді. Белгілі ақын Сырбай Мәуленов композитор қабірінің басында оқыған өлеңін:

Тоқта, ажал, азалы үн,
Өмірдің шалқып ес күйі.
Қош бол, қайран сабазым,
Қазақтың Чайковскийі,
Қазақтың Чайковскийі,—

деген сөздермен аяқтапты.

Халық өзі сүйген ұлын Глинкага балап, Чайковскийге теңесе де артық емес. Өйткені Төлебаев музыкасы халқымыздың рухани азығы бол гасырдан гасырга ұласа бермек.



Сүйікті «Ре»

Толқиды өні өзгеріп,
Сансыз ойлар тербейді.
Жұрттың қаңқу сөздері
Қапа қылған Сергейді.

Күнделікті іс-күйбең,
Шаршады ол өсектен:
«Қалған Чайковскийден
Ізбен жүрді», — деп сөккен.

«Рахманинов — өнерпаз,
Пианист қой дарынды.
Ол ойнаса, бөлер саз
Шапағатқа жанынды».

«Ол — дирижер, есті ер,
Таныс әуен, баяғы үн
Басқаша боп естілер,
Сілтеп қалса таяғын».

«Көңілінен күй тербеп,
Жазғандарды егерде,
Айтсақ композитор деп,
Киянат қой өнерге».

Мақтай қалса, бұзып ант
Алатындей елестеп,
Дейді: «Мықты музыкант,
Композитор емес тек».

Аңзы үніндей кернейдің
Басады жұрт құңқілін,
Өнеріне Сергейдің
Соғылған қол дүмпілі.

Желмен жетсе даттаулар,
Ер намысын қамшылап,
Газеттерде — мақтаулар,
Концерттерде — аншлаг.

Секілді бір дау емі,
Өсекшіден алып құн,
«Алеконың» әуені
Аузында жүр халықтың.

Солай бола тұрса да,
Етер деме нені мін?
Рахманинов біршама
Жоғалтқандай сенімін.

Секіргенде рояльда
Айнымайтын еліктен,
Саусақтары аялдала,
Жүгірмейді неліктен?

Бәрінен сол батады:
Тебіреніп күй кешпей,
Дыбыс сазы жатады
Бір-бірімен үйлеспей.

Соқсын тағдыр дауылы,
Шабыт құсын ал ұстап.
Әуендердің ауылы
Кеткендей ме алыстап?

Көңіл суып, мұздады,
Сөнген болар оты анық.
Қаламы да сыйзбады
Көптен бері нотаны.

Тап келгендей шағына
Ойға құдік қосылған,
Рахманинов бағына
Бір хат алды тосыннан.

«Композитор қымбатты,
Кеşпіріңіз, мазалап,
Жазғаныма бұл хатты
Жүрмелегейсіз жазалап.

Айналатын аңызға,
(Айтайыншы ашық тым),
Сіздің музыкаңызға
Жан-тәніммен ғашықпын.

Жанды баурап алатын,
Туған жердің нұындай.
Жұтсаң шөлің қанатын,
Көусар бұлақ суындей.

Музыкаңыз
(көңілге,
Сақтайтын жай бір еске):
Фашық қалып өмірге,
Шақырады күреске.

Музыкаңыз ғаламат,
Тайынбаңыз бұл беттен.
Атыңызды адамзат
Атайды әлі құрметпен.

Әуеніңіз кең үнді
Жүрмесін тек өзгеріп.
Жоғалтпаңыз сенімді,
Кейбір күңкіл сөзге еріп».

Сөзі жылы, тым майда,
Қалай ғана дөп басқан?
Демеу болар мұндаиды
Бір дос артық көп қастан.

Білеміз біз соңыра
Кім екенін «жазықты»:
Атын жазбай, соңына
«Ре» нотасын жазыпты.

Әріптері, ойы да—
Бойжеткеннің жазғаны.
Қуат беріп бойына,
Шабыт оты маздады.

Көтергенде еппен бір
Рояльдың қақпағын,
Естілмеген көптен бір
Бөлме ішін қаптады үн.

Көктем келіп аймаққа,
Алтын кірпік, кекілді
Күн
Сәулесін жан-жаққа
Шашып жатқан секілді.

Самал желпіп жайменен,
Судыратып қияқты,
Су сылдырап сайменен
Ағып жатқан сияқты.

Көңіліне көктем кеп,
Өн өзгертіп бағытын,
Рояль үнін төккенде,
Тапты шалқар шабытын.

Сонда Сергей дүбірлі
Күйге басты қуана.
Саусақтар да жүгірді
Бірін-бірі қуалап.

Еліктірмес күй кімді?
Жинағандай қызғалдақ,
Әуен терді, сүйкімді
Шабыт берген қызға арнап.

Ноталарды толтырды
Өлеңің әр жолына.
Хат жазуға отырды,
Қалам алыш қолына.

«Күн туғандай басыма,
Сенім таппай сенделдім.
Сонда менің қасыма
Муза болып сен келдің.

Сүйем балам, жарымды,
Россиямды, солардан
Бойымдағы барымды
Аямасам — сол арман!

Сүйем сенің хатынды,
Сүйікті «Ре», өзінді.
Осы махаббатымды,
Жүректегі сезімді.

(«Муза» деген аты да),
Романсқа сыйғыздым.
Сенің жазған хатыңа
Осы болсын сый біздің».

Кімге арналды бұл хаты,
Кім болды еken «Ре» деген?
Торыққанда үн қатып,
Лебізімен жебеген?

Ол —
кіршік жоқ арыда,
Ізгі ой қалам ұстатқан,
Шабыт берер дарынға
Өз бойынан күш тапқан.

Музыканы ұнатқан
Балғын бала шағынан,
Жиырма төртте гүл атқан —
Мариэтта Шагинян...

Ойлан, інім, түсін де.
Болған жағдай, дерек қой.
Шабыт беру үшін де
Дарындылық керек қой!

Сегізінші бұрау: шабыттандырған хат

Өнер жолы даңғыл емес. Қандай бір дарынның сәтсіздікке ұшырап, қүйзеліске түскен шақтары аз болмаған. Дарынды композитор Сергей Рахманиновтың өміріндегі сондай бір күн — 1897 жылдың 15 марта еді. Сол күні М.Беляевтың ұйымдастыруымен болып тұратын орыстың симфониялық концертінде Рахманиновтың «Бірінші симфониясы» орындалады. Орыс музыкасының бетке ұстар шеберлері тыңдаган осы концертте Рахманиновтың симфониясы сәтсіздікке ұшырады. Оның себептері де жоқ еместін. Оркестр дайындығының аз болғаны өз алдына, дирижерлік еткен А.Глазуновтың өзінің шыгарманың көркемдік ойын түсінуі жетіспей жатты. Бұл сәтсіздікке қатты қүйзелген Рахманинов симфонияга сын көзімен қарап, жақсы көретін шыгармасынан кемшилік те тапқандай болды. Симфонияның қайтадан орындалуына өзі тыйым салды.

«Жан ауырса, жақынын табады» дегендей, сол бір қызын құндері симфония жайындағы ойлары мен жан тебіренісін білдіріп, досы А. Затаевичке хат жолдайды. Кейіннен қазақ әндерін зерттеген А. Затаевичпен ол 1895 жылды Лодзь қаласында танысқан еді. Сол достық, сол сыйластықты екеуі де өмірлерінің ақырына дейін сақтап өтті.

Гастрольдік сапардан қайтып оралмаған Рахманинов Америкада тұрғанда да, Затаевичпен арадағы қарым-қатынас үзілмеген.

1922 жылы А.Затаевич өзі жинаған 25 қазақ әндерін Рахманиновқа жібереді. Сөйтін қазақ

әндерінің нотасы мұхиттардан әрі асып, Америкаға сапар шегеді. Сол жылдары дарынды пианист концерттерде көбірек ойнаумен шұғылданып жүргендіктен, қазақ әндерін кейінрек қолға алады. Ол 1940 жылы «Симфониялық билер» деген шыгармасын жазып, онда қазақтың халық әні «Ятурайды» пайдаланды. Белгілі дирижер Ормандиғе арналған осы шыгарма алғаш рет сол Ормандидің дирижерлық етуімен Філадельфия оркестрінің орындауда жүртшылыққа танылады.

Шет елде қалып қойған Рахманинов Отанына оралуды аңсаумен өтті. 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы ол арманын орындауга қырыссызын тигізді. Сол жылдары Рахманинов өз Отанының, туган халқының басына тәнген ауырталықты жаңымен сезіп, қабыргасы қайысты. Денсаулығының төмендегеніне қарамастан, бірнеше концерт беріп, одан түскен қаржыны алыстағы отанына көмекке ұсынды. Туган халқының жеңісіне деген сенімі мол еді. Бірақ жеңіс күнін көре алмады. Оған ғұмыры жетпеді.

Отанын аңсаган жүрек 1943 жылдың наурыз айының 28-іне қараган түні согуын тоқтатты. Композитордың 70 жасқа толуы Отанында тойланатыны, концерттер өтетіні жайындағы қуанышты хабар бір жетіден кейін Москвадан кешігіп жетті...



«Кармен»

Не керек майдасың ба, ірісің бе?
Жақсының зая қылмай бір ісін де,
Өлгенін, жерленгенін құтіп жүрмей,
Талантты қастерлейік тірісінде!
К. Мырзалиев.

Тұнгі Париж.
Қараңғы көшеменен
Мұң арқалап келеді көшелі өрен:
Үміт деген — алдамшы, ал бақыттың
Кұс бол ұшып кетерін кеш елеген.

Терендігі құрығың бойламаған,
Аулақ еді құлықтан, ойдан арам.
«Карменнің» бұл алғашқы қойылымы
Әкелер деп өкініш ойламаған.

Кім түсінді, азабын кім еледі?
Қабылдамай еңбегін, мінеді елі.
Сезінетін бақытты
ән бол жауған
Кеудесіне бір бұлт түнегелі.

Баурағандай көңілін үзік сырлы ән;
Қабағымен жан сырын қыз ұқтырған.
Мерименің қара көз кейіпкері
Бизе жанын толқытып, қызықтырған.

Салған жерден шабытын тасыттырып,
Карменсита тұрғандай асықтырып,

Төгіп-төгіп жіберген күй нөсерін,
Пернелерін көңілдің басып тұрып.

Испан әні... жанына сол қымбат-ты,
Сезім селін сапырып, толқып жатты.
Хабанера қанына от бол тараپ,
Алпыс екі тамырын солқылдатты.

Премьера — армандаі елестегі,
Думан болып, даңқ боп елестеді.
Труппаның әнші мен бишілері
Қошеметтеп қарсы алған емес пе еді?

Әсем әнмен Карменін мұсіндеді,
Ауқымы тар тасырлар түсінбеді.
Талғампазды таң қылар бұл опера
Тоғышар мен топастар үшін бе еді?

Оянады топастар, ойланады,
Премьера өлі де тойланады.
Қарап өтсе, Кармен бір жанап өтсе,
Жасмин исі бүркырап бойды алады.

Сері көңілін еткізіп дүрмек елең,
Желпіп өтіп етегін бүрмелеген.
Тықылдатып өкшесін жөнелгенде,
Тастағандай тілінді күрмеп өлең.

Испан елі... әдеті, салты қандай,
Андалузия әуені шалқығандай.
Кастаньета шықылдап шақпақ тастай,
Ұшқын түсіп, боласың балқығандай.

Тек құшағың қалады айқаспаған,
Ерке еліктей алдында ойқастаған.
Жалын биі, сазды әні цыган қыздың
Сезімге от, көңілге ой тастаған.

Карменсита дейді елі еркелетіп,
Қарағанын көзімен өртеп өтіп.
Еркіндікті аңсаған нәзік жаны
Құшсам дейді арманын ерте жетіп.



Асқақ сезім жанының аңсағаны,
От бол шарпып еседі жан самалы.
Шалқып кетсе — би билеп басылады,
Толқып кетсе — сызылтып ән салады.

Мұнды нақыс жатса да өз үнінде,
Жабырқайтын болмайды кезі мұлде.
Өз бойында шымырлап оянбаса,
Жұмысы жоқ Хозенің сезімінде.

Бір-ақ рет келетін қайталанбай,
Осы ма еді махабbat, сайтан алғай!
Тореадорды көрді де Кармен байғұс,
Арпалысты жанына жай таба алмай.

Көрмегенде — ынтығып, уайымдайтын,
Кездескенде — сабырмен пайымдайтын.
Осы ма еді махабbat — көzsіз батыр,
Ажал төніп тұрса да тайынбайтын.

Құтылса да көңілде құса-мұнан,
Сытылса да Хозенің құшағынан,
Тағдырынан аса алмай Карменсита,
Құтылмады қызғаныш пышағынан.

«Хозе, Хозе, атады кием сені,
Эскамильо, қайдасың, сүйем сені».—
Зармен жылап, барады Кармен құлап,
Дабылдатып бір жақтан күй еңсели.

Қосылғандай дабыл күй ұлы ағынға,
Кекіректе сыйдаған бұла мұнға.
Бәрі-бәрі Бизенің көз алдында,
Соңғы аккорд әлі де құлағында...

Ертеңінде газеттер шуылдасты,
Үйн шашты әзәзіл, дуылдасты.
Онсыз да пәс жүректі шымырлатып,
Онсыз да қам көңілдің буын басты.

«Операға енгізіп халық хорын,
Қара халық сахнадан алышты орын.
Бұл кешегі Коммуна елесі ме?»—
Деп, біреулер шырмаса салып торын,

Ал олардың тағы бір әріптесі
Біраз жерге көпіріп барып келсін,
Сосын айтсын: «Жеңілtek әйелдерді
Ұнатса, сол Бизеңіз дәріптесін».

Қайсы жала... борайды күнара сын,
Ажыратып жатады кім арасын.
Соға берсе бұл дауыл, Бизе түгіл,
Құлатар-ау Эйфельдің мұнарасын.

Аты шықты, керек пе ал атағың,
Кімнің бассын аузына алақанын.
Нәзік жаны шырылдаپ қарлығаштай,
Әбжыланнан қорғаған балапанын.

Бірде тұлкі заманы, бірде құмай,
Үақыттың жылдамы-ай, жүрдегін-ай.
Жүрек мынау — бұзылған метроном,
Бірде олай соғады, бірде былай.

Табу қыын қалайда бабын елдің,
Жетесіздер байлаған бағын ердің.
Әттең, әттең!

Кеш жетті жылы сөзі
Сен-Санс пен Массне, Вагнердің.

Үш ай өтті.
Жүректе дат қалыпты.
Дос жылады егіліп, жат қамықты:
Отыз жеті жасында Жорж Бизе
Мәңгі өлмес сапарға аттаныпты.

Өтесе де қарызын мойындағы,
Бірге өлді-ау талай іс ойындағы.
Өкінішті!

Париж тек ертеңінде
Ұлылығын Бизенің мойындасты...

Күмәнім жоқ
себептің барлығына:
Бағынар тек арыңың жарлығына —
Қызғаныш па өртеген өзектерді,
Төмен талғам, ауқымның тарлығы ма?!

Тағдырым,
көрем басқа салғаныңды,
Жақыннатпа жаныма жалғаныңды.
Көкірегіме түнетпе қызғанышты,
Төмендетпе таным мен талғамымды.

Тоғызыншы бұрау: кеш естілген марапат

Сөйтін Хозе Карменді өлтірді. Еркіндікті аңсанған сұлу — Эскамильога деген махаббатының құрбаны болып кетті. Құлдіргі, женіл спектакльдерге үйренген көрермен оны түсінбеді. Ызалы, даурыққан дауыстар: «Кармен» өлді, енді қайтып тірілмейд»— деп дүрлікті...

Операны жазуга Бизе бар күшін жұмсан, құлышына кіріскең. Испанияда болмаса да, испан өуендерін бойына сіңіре білді. Испан билерінің өуендерін аз пайдаланса да, операның бүкіл өн бойынан испан музыкасының иісі аңқып тұрды. Операны қоюға дағындалған театр труппасының ынтасы мен қуанышында шек жоқ еді. Оларды опера музыкасы бірден баурап алған. Кармен ролін алған дарынды актриса, әйгілі әнши Мария Галли-Марье де опера музыкасын ұнатқаны сондай, тек Кармен тұлғасына ғана беріліп, көп ақшага да қызықпай, қол қойылған келісімін бұзып, Лондонга баратын сапарынан бас тартты. Премьераны бәрі де — театр колективі де, Бизе де асыға күтті.


«Кармен» операсы алгаши рет Париждегі Комеди-ялық опера театрының сахнасында 1875 жылдың 3 наурызында қойылды. Өкінішке орай, алғашқы қойылым табыс әкелмеді. Ғажайып музыканы көрермен түсінбеді. Өзегін өкініш өртеген Бизе сол тұні Париж көшелерін кезіп кетті. Ертеңінде нәзік жанды композитор ауырып тұрды.

Арада үш-ақ ай өтті. Маусымның 2-сі күні опера отыз үшінші рет қойылды. Ал ертеңінде... маусымның 3-і күні Жорж Бизе өмірмен қош айттысты. Тагы сол ертеңінде... өлген күннің ертеңінде халық оның дарынды композитор екендігін мойындады. Онымен қоштасуга... 4 мыңнан астам адам жиналды. Тірісінде түсінбеген халық ол өлген соң құрмет көрсетті.

«Кармен» өлді деп даурыққандардың ауыздарына құм құйылды. Әйгілі опера өлі күнге сахнадан түспей келеді. Бизе «Карменге» мәңгі өмір сыйлады. Ал «Кармен»... иә, ол да Бизенің атын тарихқа алтын әріптермен жазып кетті.

Әділеттілік бар гой, бар. Кейде осылай кешігіп жүретіні тагы бар. Кеш болса да, Ұлылық танылды. Таныды да, соңғы сапарға шыгарып салған қарақұрым халық Париж көшелеріне сыймай кетті.

Ал тірісінде әйгілі болған Моцарттың қабірінің басында кім болды?..



«Реквием»

Бес жасында әлемді таңдандырған,
Әккі тағдыр бала деп алдандырған.
Мейірімге Ұлы адам шөлдеп отыр,
Талайлардың айызын сан қандырған.

Өмір!... Өмір, тағы бір таңды асықтыр,
Көрсет оған Ұлыны,
нанбас, ұқтыр.

Әлем таң бол оқыған аңыз-кітап
Шығып қалып модадан, шаң басып тұр.

Өмір, сен бе?
Тарих па?
Кім ұтылған?
Ұлдарыңың білдің бе кімі тұлғаң?
Әлем таң бол шырқаған әсем бір ән
Шығып қалып модадан, ұмытылған.

Дамымай ма сөз бер ой толғанудан,
Тіл байлығы артпай ма сол дамудан?
Әлем айтқан «вундеркинд» деген сөз де
Әлдеқашан қалыпты қолданудан.

Енді, міне, отыздан асқанында
Үйіріліп қара бұлт аспанында,
Өз мұңынан аса алмай отыр Моцарт,
Қосылатын зарына басқаның да.

Кімге айтады жанының күйзелуін,
Кім байқады тапшылық күйге енуін.

Тыңдамады Моцартты, тыңдағандар
Тамсанып «Фигароның үйленуін»

Көремін деп ойлаған күнді арайлы,
Көздерінен нұр емес, мұң тарайды.
Талайларға Вольферль ермек еді,
Кім қарайды Моцартқа?!
Кім қарайды:

Адалдық пен әділдік—
соны ұстанса,
Шаңырағына кедейлік қоныстанса.
Соқыр тиын таппаса емдетуге,
Ауырғанда жан-жары Констанца.

Музыканы тыңдайтын жүз есінеп,
Князьдар ма?
Бәлкім, бір қызы есіне
түсірер — эрцгерцогиня, жеті жасар
Вольферльді мінгізген тізесіне.

Италияға барған жоқ ол төркінде,
Таңырқаған болғандар концертінде.
Қайда сол Болон академиясы,
Сайлаған академик он төртінде?

Ұмытты ма Ватикан орден берген,
Балғын шақта кем еді ол кімдерден?
Белес қана қалыпты асып өткен,
Елес қана қалыпты сол күндерден.

Сағын, көніл, жастықтың буын сағын,
Жеткені ме салқындал сұыр шағын?
Есі кірген бала да ұмытпайды,
Күні кеше ойнаған қуыршағын.

Осындауда қолдайды құп көріп кім,
Тосын жайда демейді рух беріп кім?
Несиеге гульденін аямайтын,
Сырт айналды өзі де Пухбергтің.

Демеді ол:— «Мен көндім, басқа бердің»,
Неткен дарын!
Неткен күш!
Асқан ерлік:
Алты аптада жазған үш симфония (!)
Күтуде, әттең, үкімін баспагердің.

Қалжыраған, шаршаған, құр сүлдері,
Кімге керек Моцарттың күрсінгені?
Ымырт келіп қонғанда қабағына,
Кенет... кенет... қақпасы дүрсілдеді.

Арман болар асыққан танды күтпей,
Сыртта тұрып шақырған паң жігіттей.
Бейуақта бейсауат азап па екен,
Шықпайтұғын ойды жеп, жанды үгітпей.

Байлық болса, бұл оны тілемеп пе,
Жаңа шығып, қайрылған түнемекке
Муза шығар,

«шақырсам келмейсің» деп,
Сальериден еститін үнемі өкпе.

Шуақ болар, шашылар баққа нұры,
Қу-ақ солар, есікті баққан ұры.
Шыға келсе...

жамылған қара киім,
Қара кісі тұр екен қақпаны ұрып.

Қиялының қанаты майып болды,
Кімсің деудің өзі де айып болды.
Тұмшалаған бет-аузын қара кісі
«Реквием жаз»,— деді де, ғайып болды.

Күдік қандай үбірлі-шүбірлі еді,
Жанын жайлап, кеудесі дүбірледі.
«Бақыт болар деп едім, тағдыр екен,
Тағдыр...

Тағдыр...— деп,
Моцарт күбірледі.

«Реквием жаз...»
Кімге арнап?

Өзіме ме?
«Реквием жаз...»
Құпия сөзі неге?
Қайта-қайта ойлайды жанын қажап,
Қайта-қайта қоймайды өзін егеп.

Өзіме арнап жазамын...
Өлемін бе?
Сараң тағдыр не берер төлеміне.
Кім біледі, мұң-шерім жас боп еріп,
Жетер үнім жер жүзі көлеміне.

Реквиемді —
жазамын жан азасын,
Жоқтау айту — жарға сын, анаға сын.
Қоштасу бұл — өмірден аттандырып,
Бірі — жарын, інісін,
Жан ағасын.

Реквием —
қайғының өртіндейсің,
Көз жасына шыңдалған серпіндейсің.
Өлілерді есінен шығармасқа,
Тірілердің берген бір сертіндейсің.
Реквием —

қайғылы жырсың неткен,
Жүректерді қозғаған, дүрсілдеткен.
Басыңды иіп рухына, еске аласың
Боздақтарды ел үшін қыршын кеткен.
Реквием —

болсаң да жыр қаралы,
Тірілердің жанында нұр қалады.
Тірлік барда — өлім бар.
Мына өмірде
Жан азасы мәңгілік шырқалады».

Реквием —
жырсың тірілердің
Аза шеккен өуеннің пірі дермін.
Мен де сенің үніңмен
жай боп түсіп,
Қара жерге сіңермін, кірігермін...

Күмбірледі клавесин, сыңғырлады,
Баурап алды әуеннің мұнды ырғағы.
Толқытады көзіңе жас алдырып,
Көтертпейді, басады ұнжырганы.

«Мехнат берме жаныма, зар кештірме!»—
Жалынғандай тәңірге, әр кеш пірге,
Клавесиннің сыңғыры жалғасады,
Көп дауысты хор менен оркестрге.

Маза бермей жанына ырғақты ұндер,
Жанарының жарқылын ұрлап тұндер,
Кетіп жатты қысқарып келте ғұмыр,
Өтіп жатты осылай зырлап күндер...

Бір кешкілік қайтқанда шарап ішіп,
Қақпа алдында кезікті қара кісі.
Келген бойда құлады төсегіне,
Жалын шарпып, өртеніп барады іші.

Оңалмады,
орнынан тұрмады да.
Қара кісі сенімін ұрлады ма?
Қайғы алды ма жанына азалы үннен,
Айналды ма «Реквиемнің» құрбанына?

Сезді...
сезді ақырғы күн батқанын,
Баса берді ажалдың зіл батпаны.
«Не істемеді бұл әлем ұлдарына...»
Осы бопты ең соңғы тіл қатқаны.

Кім оның үнін естіп, даусын ұқты?
Әрт шалыпты жайқалған қау шілкіті.
Қатар жанған бір үйде қос шырақтың
Лаулай-лаулай біреуі таусылыпты.

Тағдырға айтар наласы, кекті зілі
Ұшып жатқан көмейден тек тізіліп,
Жарасымды дуэттің сазы бөлек
Бір дауысы кенеттен кетті үзіліп.

Өмір жолы бір аттап өтті белді,
«Жол арманы — жету» ғой, жетті ме енді?

Қатар түскен өмірге қос соқпақтың
Бірі, өттең, молаға кеп тірелді.

Констанца жылаған ағып жасы,
Басқа кімнің қайысты қабырғасы?
Қоятын қабіршіден басқа жан жоқ,
Неткен өлі тыныштық қабір басы.

Тек қана қабіршіден қалыпты ерік:
Жарлылар зиратына алып келіп, көме салған.
Белгі жоқ...

толған қабір...

Ертеңінде көз жазып қалыпты елі...

Қайран Моцарт!
Білген соң қадірінді,
Ойлар менің алады сабырымды.
Таяп етіп, басыңа гүл қоюға,
Талай ұрпақ іздеді қабірінді.

Қабірің жоқ, белгі жоқ...
Сол қайғы ғой.

Солай кейде көңілім толғайды ой.
Ұлы Моцарт — тірісің.
Тірісің сен!

Тірілердің қабірі болмайды ғой.

Оныншы бұрау: құпиялар сырь

*Моцарттың өмірі де аңызға толы. Өмірі дейміз-
ау, өлімі де. Қанша аңыз — сонша құпия. Кейінірек
кейбір құпияның беті ашылды.*

*Оның өліміне себеп болған қара киімді кісі де
анықталды. Әйелі өлген граф Вальзегтің қызмет-
шісі еken. Даңгой, атақұмар граф «Реквиемді» Мо-
цартқа жазғызып алмақ болған. Сосын өз атынан
әйеліне бағыштап, шіркеуде айтқызыбақ еken. Ешкім
білмесін деп, қызметшісіне Моцартқа құпия жағ-
дайда жолығуын тапсырған. Кештетін келіп қақпаны*

*ұрган қонақтың қара киім киіп, бетін бұркеніп алғаны
сол еken. Өзі сырқат композиторға бұл қатты әсер
еткен.*

Алайда, өліміне негізгі себеп ол емес. Фасырлар бойы ұмытылмай келген бір аңыз бар. Моцарт удан өліпті. Оны берген құншіл композитор Сальери еken дейді. Дәлел ме? Кәрілік жетіп, өлер шагында ақылы ауысқан Сальери өзі мойындасты. «Моцарттың өліміне кінәлімін» депті-міс. Венаның шіркеуінде сондай деректер сақтаулы еken. Бұл туралы сол кездегі газет беттерінде көп жазылған.

Екі гасыр бойы осы аңыз не толық әделденбей, не жоққа шығарылмай келеді. Кейінгі жылдары аңыздың шындыққа негізделуіне күмән тұгызыушылар болды. Олар Сальеридің Моцартқа у беруі мүмкін емес дейді. Себеп?

Антонио Сальери жас музыкантарға көп қамқорлық жасаған. Оның шапағаты Моцартқа да тиген. Соңғы кезге дейін Моцарттың әйгілі үш симфониясы көзі тірісінде орындалмаған деген пікір қалыптастып келген еді. Олай емес еken. Сол үшеудің біреуін автордың көзі тірісінде симфониялық оркестр орындасты. Дирижеры... Сальери дейді. Ендеше, ол Моцартқа дұшпан емес.

Композитор Глюк Сальериді дарынды шәкіртім деп мақтан тұтқан. Ал Сальери болса, Бетховендей ұлы музыкантың ұстазы. Өзінен даңқы асқан шәкірт тәрбиелепті. Құншілдің қолынан келетін іс не бұл? Ол Моцартты қалайша қундейді? Атақ-даңқ, оған таңсық па?! Сол кездің өзінде аты әлемге әйгілі еді гой.

Тагы бір себеп. Моцарт Сальеримен өлерінен тәрт ай бұрын кездесіпті. Соңғы кездесуі еken. Олай болса, Сальери у берді дегенге кім сенеді?! Ол кезде тәрт ай бойы баяулап бойга сіңіп, қапысызы мерт ететін у жоқ еді гой.

Тагы да... Венаның шіркеуінде Сальеридің мойындағаны жайында ешқандай дерек жоқ. Болған да емес.

Құні кеше ғана тагы бір хабар жария болды. Композитордың отаны — Зальцбург қаласында Моцарт-

тың музейі бар. Сонда 1901 жылдан бері адамқың bas сүйегі сақтаулы. Оны ғалым Якоб Хиртль «Моцарттың bas сүйегі» деп тапсырган екен. Сол кездің өзінде көптеген ғалымдар оған күмән келтірген. Себебі Моцарттың қайда жерленгені белгісіз болған.

Осылдан бірер жыл бұрын Австрия және Франция ғалымдары сол bas сүйекті мұқият зерттеген. Электрондық микроскоптар мен компьютерлі томографтардың көмегімен біраз жайдың бетін ашады. Bas сүйектің алдыңғы жағынан әлдененең ізін байқайды. Мұндай із көбінесе жас балаларда болады дейді. Соның салдарына баланың bas сүйегінің қан қысымы көтеріледі екен.

Ғалымдар Моцарттың бір замандасы салған суретін зерттей келе, оның маңдайындағы дөгалдау біткен дөңесті байқайды. Bas сүйектегі із содан қалған көрінеді. Сөйтіп ғалымдар bas сүйектің Моцарттікі екенін дәлелдеген. Сол кездегі дәрігерлердің жазбаларына қарағанда, Моцарт bas ауруынан көп зардап шеккен екен. Оның заманында адамнан қан алу — ең бір шипалы ем саналған. Қүре тамырды тіліп жіберіп, біраз қан ағызатын болған. Осылайша екі-үш рет емделген Моцарт, көп қан кеткендіктен жүйкесі жұқарып, әбден әлсіреген. Бұл дәрігерлердің жорамалы.

Сонда Моцарт өз ажалынан, аурудан өлген бе? Әлде Сальеридің күнәсі ақталмай, мойнында қала бере ме? Оны алдағы заман шешүге тиіс.

Айтпақшы, жаңағы bas сүйек Моцарттікі болса, онда оның қабірі де табыла ма? Әлде көңілдерге өкініш ұялатып, жүректерге жарақат сала бере ме? Ол да уақыттың үлесінде.

Сен не дейсің бұған, өзі емши, өзі сынши, өзі төреші — Уақыт!



Мазмұны

| | |
|--------------------------------|----|
| ӨНЕРДІҢ ЖЕТИ ТӘНДЕРІ | 2 |
| КҮЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗ | 3 |
| «ЕРТЕҢ КЕТЕМ» | 14 |
| «СЫЛҚЫЛДАК» | 20 |
| ӘН ЕРКЕСІ | 28 |
| ҚАСИЕТТІ СКРИПКА | 36 |
| ШОПЕННІҢ ЖҮРЕГІ | 44 |
| ТУҒАН ЖЕРДІҢ САМАЛЫ | 52 |
| «СҮЙІКТІ «РЕ» | 58 |
| «КАРМЕН» | 65 |
| «РЕКВИЕМ» | 72 |

Бейсембеков Т.

Б 37 Евтерпаның құпиясы: Балладалар, дастандар
Естияр балалар үшін.— Алматы: Балауса,
1998.— 80 бет.

ISBN 5-7063-0230-8

Ақын Тілеуғазы Бейсембековтың есімі жүртшылыққа бұрыннан
жақсы таныс. Оның балаларға да, жастарға да арналған өлеңдер
жинақтары жарық көрген.

Каламгердің бұл жаңа кітабына ән, күй, опера, симфония, со-
дай-ақ Құрманғазы, Тәттімбет, Құләш, Мұқан Төлебаев, тағы да
басқа атақты өнер адамдары туралы балладалары мен дастандары
еңгізілді. Қызғылышты оқығаға құрылған ақын шығармалары
окушылар назарын аударып, музика әлемінің таңғажайыптарына же-
телейері хақ.

Б 4803250202-013
411(05)98 19-94

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 5-7063-0230-8

© Тілеуғазы Бейсембеков, 1998

Әдеби-көркем басылым

Естияр балалар үшін

Тілеуғазы Бейсембеков

ЕВТЕРПАНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Балладалар, дастандар

Тұзуші — *К. Омарулы*

Суретші — *О. Гречеева*

Ажарлаушы — *К. Елізбаев*

Техникалық редакторы — *Р. Дүйсенбаева*

Қатеші — *Л. Аскаргалиева*

ИБ № 233

Теруге 1.08.94 жіберілді. Басуға 03.06.98 қол қойылды. Пішімі 60x90/16 Қағазы тип №2. Қаріп түрі «Тип Таймс». Оффсетті басылыс. Шартты баспа табагы 5,0. Есептік басылу табагы 3,69. Шартты боку колемі 6,2. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 40838. Бағасы үректі.

Қазақстан Республикасы Ақпарат жөнө көғамдық келісім министрлігінің «Балауса» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы «Атамура» корпорациясының Полиграфкомбинаты 480002, Алматы қ., Макатаев қ., 41-үй.

